

**ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША  
ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ**

**АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ**

**«Салықтық әкімшілендірудің тиімділігіне мемлекеттік аудит және жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің толықтығы мен уақтылылығына, бюджетке түсетін түсімдердің өндіріп алынуына, сондай-ақ жергілікті бюджеттен қате (артық) төленген сомаларды қайтарудың, есепке жатқызудың дұрыстығына сәйкестік аудитін жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша жүргізілген аудиттің нәтижелеріне**

**ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫ**

**2022 ж**

## **МАЗМҰНЫ**

### **I. Кіріспе бөлік**

- 1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы
- 1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты
- 1.3. Мемлекеттік аудиттің объектілері
- 1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең

### **II. Негізгі (талдамалық) бөлік**

- 2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау
- 2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері
- 2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе)

### **III. Қорытынды бөлік**

- 3.1. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар
- 3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар
- 3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар
- 3.4. Қосымша:  
Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі.

## **I. Кіріспе**

**1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы:** «Салықтық әкімшілендірудің тиімділігіне мемлекеттік аудит және жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің толықтығы мен уақтылылығына, бюджетке түсетін түсімдердің өндіріп алынуына, сондай-ақ жергілікті бюджеттен қате (артық) төленген сомаларды қайтарудың, есепке жатқызудың дұрыстығына сәйкестік аудитін жүргізу» сыртқы мемлекеттік аудиті

### **1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты:**

1) Қазақстан Республикасының бюджет жүйесінің қағидаттарына сәйкес жергілікті бюджеттерге түсетін түсімдердің жоспарлануы мен орындалуына талдау және бағалау жүргізу.

### **1.3. Мемлекеттік аудит объектілері:**

1. «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Түркістан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі;

2. «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Түркістан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Отырар ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесі;

3. «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Түркістан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Мақтарал ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесі.

**1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең:** 01.01.2019 - 31.12.2021 жылдар аралығы.

## **II. Негізгі (талдамалық) бөлік:**

### **2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау:**

Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясының мемлекеттік аудит объектілерінің 2022 жылға арналған тізбесіне сәйкес, «Салықтық әкімшілендірудің тиімділігіне мемлекеттік аудит және жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің толықтығы мен уақтылылығына, бюджетке түсетін түсімдердің өндіріп алынуына, сондай-ақ жергілікті бюджеттен қате (артық) төленген сомаларды қайтарудың, есепке жатқызудың дұрыстығына сәйкестік аудитін жүргізу» аудиторлық іс-шарасы 18.05.2022 - 08.07.2022 жыл аралығында жүргізілді.

Аудиторлық іс-шарамен жалпы 3 аудит объектісі қамтылды. Оның ішінде 1 мемлекеттік мекемеде негізгі тексеру және 2 мемлекеттік мекемеде үстеме тексерулер жүргізілді.

Түркістан облысы бойынша салықтық әкімшілендірудің тиімділігіне мемлекеттік аудит және жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің толықтығы мен уақтылылығына талдау және бағалауға аудит жүргізілді.

Аудит объектісі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті «Түркістан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі - салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін, әлеуметтік

төлемдерді есептеудің, ұстап қалудың және аударудың толықтығы және уақыттылығын қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды орындауға уәкілеттік берілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік кірістер комитетінің аумақтық органы болып табылады.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің Түркістан облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің Ережесімен, оның функциялары, құқықтары мен міндеттері реттеледі.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің Түркістан облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті салықтық түсімдердің және жергілікті бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің толықтығы мен уақтылығын қамтамасыз етуге уәкілетті Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кірістер комитетінің аумақтық органы.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің Түркістан облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментке аудандық, қалалық кірістер басқармалары тікелей бағынады.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің Түркістан облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменттің құрылымы 17 басқармадан тұрады, оның құрамына 7 кеден бекеті, 25 бөлім, 1 дербес бөлім - мемлекеттік құпияларды қорғау бөлімі кіреді.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің Түркістан облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменттің құрылымдық бөлімшелері басшы бекіткен ережелеріндегі әр басқарманың өз мақсаттары мен функцияларына сәйкес, жылдық жұмыс жоспарын жасайды. Өз кезегінде Департамент құрылымдық бөлімшелердің жоспары негізінде жиынтық жылдық жоспарды бекітеді. Басқармалардың басшылары мен мамандардың лауазымдық нұсқаулықтары бекітілген.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің Түркістан облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментте есепте тұрған салық төлеушілер саны:

2019 жылы 143138, оның ішінде заңды тұлғалар 15887, жеке кәсіпкерлер 126 690, нотариустер 191, адвокаттар 156, жеке сот орындаушылар 214.

2020 жылы 149234, оның ішінде заңды тұлғалар 16 510, жеке кәсіпкерлер 132 238, нотариустер 194, адвокаттар 168, жеке сот орындаушылар 214.

2021 жылы 150282, оның ішінде заңды тұлғалар 17 098, жеке кәсіпкерлер 132583, нотариустер 203, адвокаттар 184, жеке сот орындаушылар 214.

Тіркелген салық төлеушілердің саны туралы ақпарат Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің Түркістан облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменттің мәліметтер базасында үнемі жетілдіріліп, толықтырылып отырады, аудандық басқармалар салық төлеушілерді салық есептілігін тапсыруға және салықтар мен төлемдерді бюджетке төлеуге тарту бойынша жұмыстар жүргізеді.

Қазақстан Республикасында жаңа Салық кодексінің қабылдануына байланысты, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік

кірістер комитетінің Түркістан облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментте салық төлеуші ретінде тіркеу жүйесі реформаланған, сондықтан ақпараттық жүйелер белсенді қолданылады, олардың көмегімен «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының порталы арқылы өтініш берушінің электронды цифрлық қолтаңбалары арқылы тіркелуге болады.

Сонымен қатар, тіркеу Халыққа қызмет көрсету орталықтарында және орналасқан жері бойынша мемлекеттік кірістер органдарында жеке жүзеге асырылады.

Бүгінгі күні виртуалды «Салық төлеушілер кеңсесі», СОНО АЖ (салық есептілігін өңдеу жүйесі), ИНИС АЖ (интеграцияланған салық ақпараттық жүйесі), ЦУЛС АЖ (орталықтандырылған бірыңғай дербес шоттар), РВУ АЖ (хабарламалар шығару режимі) ақпараттық жүйелер мен қызметтер жұмыс істейді. Біздің ойымызша, салық төлеушілерді тіркеуге заманауи ақпараттық технологияларды қолдана отырып көшу оң нәтиже береді.

Облыс бюджетінің кіріс бөлігін салықтық және салықтық емес түсімдер мен төлемдер, негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер құрайды.

## **2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері**

### **Мемлекеттік аудит іс-шарасы бойынша:**

Түркістан облысы бойынша салықтық әкімшілендірудің тиімділігіне мемлекеттік аудит және жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің толықтығы мен уақтылылығына талдау және бағалау бойынша сыртқы мемлекеттік аудитпен 01.01.2019 - 31.12.2021 жылдар аралығы қамтылды.

Жалпы аудитпен қамтылған 3 объектінің ішінде 2 объектіде 3 бірлік қаржылық бұзушылықтар анықталған.

Бюджетке түсетін түсімдер бойынша анықталған қаржылық бұзушылықтардың жалпы сомасы барлығы **5349,0 мың теңгені** құрады.

Өтелуге жататын қаржы көлемі **5349,0 мың теңге**.

Жалпы аудиторлық іс-шара барысында барлығы **5349,0 мың теңге** өтелген.

**Аудит барысында келесі бұзушылықтар орын алған:**

**I. Бюджетке түсетін түсімдер бойынша анықталған қаржылық бұзушылықтардың жалпы сомасы барлығы 5349,0 мың теңгені құраған, атап айтқанда:**

- «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Түркістан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Мақтаарал ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы» мемлекеттік мекемесі бойынша 364,0 мың теңге;

- «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Түркістан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Отырар ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы» мемлекеттік мекемесі бойынша 4985,0 мың теңге;

*Бұл ретте, салық төлеушілер Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы N120-IV ҚРЗ «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексінің)» 351-бабы 1-тармағының “Төлем көзінен салық салуға жататын кірістер бойынша жеке табыс салығын есептеуді салық агенті салық салуға жататын кірісті есепке жазу кезінде жүргізеді” -делінген талабын және Салық кодексінің 486-бабына сай әлеуметтік салықты есептеу тәртібі сақталмаған.*

**2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе).**

**Мемлекеттік аудит объектісінің міндеттері мен функцияларының іске асырылуы.**

*Жергілікті бюджетке түсетін болжамды түсімдер жоспарының орындалмауы немесе артық орындалуын және алдыңғы жылдармен салыстырғандағы түсімдердің өсу және кему динамикасына талдау және бағалау.*

### 2019 жылы

Мемлекеттік аудит жүргізу барысында 2019 жылы түсімдердің жоспары 61 856 611,0 мың теңге болса, нақты орындалғаны 62 667 855,0 мың теңге, яғни 1 315 630,2 мың теңгеге түсімдер артық немесе 101,3 пайызға орындалған.

Сонымен қатар 2018 жылдың нақты түсімдерімен 2019 жылы түсімдерді салыстырғанда 113,2 пайызға артқан.

							<i>мың теңге</i>
№	Көрсеткіштердің атауы	2019 жылға жоспар	2019 жылы нақты түскені	Ауытқуы	Орындалу %	2018 жылға нақты түсім	2019 жылы өсу, кему қарқыны %
<b>Түсімдер</b>		<b>61 856 611,0</b>	<b>62 667 855,2</b>	<b>1 315 630,2</b>	<b>101,3</b>	<b>55 352 147,1</b>	<b>113,2</b>
1	Салықтық түсімдер	58 731 054,0	59 788 723,0	1 057 669,0	101,8	51 169 150,4	116,8
2	Салықтық емес түсімдер	3 110 557,0	2 858 364,0	252 193,0	91,9	4 166 956,6	68,6
3	Негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер	15 000,0	20 768,2	5768,2	138,5	16 040,1	129,5

*Салықтық түсімдер бойынша 2019 жылы салықтық түсімдердің жоспары 58 731 054,0 мың теңге болса, нақты орындалғаны 59 788 723,0 мың теңге, яғни 1 057 669,0 мың теңгеге салықтық түсімдер артық немесе 101,8 пайызға орындалған.*

**Түркістан облысы бойынша ҚР ҚМ МКК құзіретіне кіретін жергілікті бюджетке 2019 жылы түскен салықтық түсімдер бойынша**

								<i>мың теңге</i>
№	Аудан және қалалар	2019 жылға жоспар	нақты түсім	Орындалу %	ауытқу (+,-)	2018 жылға нақты түсім	өсу қарқыны %	
1	2	3	4	5	6	7	8	
1	ОБЛФУ	139 084,0	864,8	0,6	-138 219,2	686 006,1	0,1	

2	Бәйдібек	1 445 375,0	1 457 192,1	100,8	11 818,1	1 235 780,6	117,9
3	Ордабасы	2 290 580,0	2 335 770,2	102,0	45 191,2	1 963 440,4	119,0
4	Махтарал	2 029 256,0	2 047 890,2	100,9	18 634,2	3 597 516,0	56,9
5	Отырар	2 135 493,0	2 215 463,8	103,7	79 970,8	1 939 271,7	114,2
6	Қазығұрт	2 507 994,0	2 578 986,1	102,8	70 992,1	2 242 243,0	115,0
7	Төлеби	2 409 749,0	2 524 045,2	104,7	114 295,2	2 119 204,9	119,1
8	Сайрам	5 568 116,0	5 601 656,3	100,6	33 542,3	4 766 852,4	117,5
9	Сарыағаш	4 880 639,0	5 066 453,6	103,8	185 813,6	5 988 506,1	84,6
10	Созақ	10 241 096,0	10 442 327,4	102,0	201 230,4	9 947 335,3	105,0
11	Түлкібас	3 686 719,0	3 766 610,3	102,2	79 890,3	3 279 785,8	114,8
12	Шардара	3 840 260,0	3 885 582,2	101,2	45 322,2	4 287 558,7	90,6
13	Арыс	1 859 036,0	1 995 920,4	107,4	136 884,4	1 654 895,3	120,6
14	Кентау	3 172 077,0	3 295 527,5	103,9	123 450,5	1 786 305,5	184,5
15	Түркістан	7 299 107,0	7 505 202,4	102,8	206 095,4	4 675 913,8	160,5
16	Жетісай	3 219 173,0	3 011 030,4	93,5	-208 142,6	559 484,9	538,2
17	Келес	2 007 300,0	2 058 200,1	102,5	50 900,1	439 049,9	468,8
<b>Жиыны</b>		<b>58 731 054,0</b>	<b>59 788 723,0</b>	<b>101,8</b>	<b>1 057 669,0</b>	<b>51 169 150,4</b>	<b>116,8</b>

**2019 жылы салықтық түсімдердің жоспар бойынша жіктемелердің орындалуы төмендегі кестеде көрсетілген.**

*мың теңге*

№	КБК	Салықтық түсімдер	2019 жылға жоспар	31.12.2019 ж қоса алғанда нақты түсім	ауытқу (+,-)	орындалу %	2018 жылға нақты түсім	өсу қарқыны %
1	101201	Төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы	18 996 835,0	18 187 440,0	-809 395,0	95,7	15 339 919,0	118,6
2	101202	Төлем көзінен салық салынбайтын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы	1 821 348,0	1 940 997,0	119 649,0	106,6	2 216 631,0	87,6
3	101205	Төлем көзінен салық салынбайтын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы	557 638,0	400 485,0	-157 153,0	71,8	435 369,0	92,0
4	103101	Әлеуметтік салық	19 278 657,0	18 857 336,0	-421 321,0	97,8	14 170 173,0	133,1
5	104101	Заңды тұлғалардың және жеке кәсіпкерлердің мүлкіне салынатын салық	12 043 408,0	12 819 599,0	776 191,0	106,4	12 736 746,0	100,7
6	104102	Жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салық	97 327,0	111 157,0	13 830,0	114,2	114 844,0	96,8
7	104302	Елді мекендер жерлеріне алынатын жер салығы	453 214,0	521 780,0	68 566,0	115,1	344 765,0	151,3
8	104309	Елді мекендердің жерлеріне алынатын жер салығын қоспағанда, жер салығы	0,0	0,0	0,0	0,0	131 093,0	0,0
9	104401	Заңды тұлғалардан көлік құралдарына салынатын салық	189 555,0	207 499,0	17 944,0	109,5	191 665,0	108,3
10	104402	Жеке тұлғалардан көлік құралдарына салынатын салық	2 254 568,0	2 619 117,0	364 549,0	116,2	2 459 283,0	106,5
11	104501	Бірыңғай жер салығы	90 227,0	98 045,0	7 818,0	108,7	92 183,0	106,4
12	105274	ҚР аумағ. өндірі. спирттің барлық түр. ж-е (н-се) шарап материалдарға,алкогольдық өнімдерге акциздар	281 395,0	300 758,0	19 363,0	106,9	293 604,0	102,4
13	105284	ҚР аумағында өндірілген бензин (авиациялықты)	144 205,0	154 942,0	10 737,0	107,4	134 915,0	114,8

		қоспағанда) және дизель отыны						
14	105303	Жер бетіне жақын көздердегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем	58 828,0	91 670,0	32 842,0	155,8	77 274,0	118,6
15	105304	Орманды пайдаланғаны үшін төлем	35 633,0	38 981,0	3 348,0	109,4	35 164,0	110,9
16	105314	Жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлем	35 930,0	1 096,0	-34 834,0	3,0	7 914,0	13,8
17	105315	Жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлем	214 373,0	226 878,0	12 505,0	105,8	173 199,0	131,0
18	105316	Қоршаған ортаға эмиссия үшін төленетін төлемақы	1 108 300,0	2 265 641,0	1 157 341,0	204,4	1 119 851,0	202,3
19	105402	Жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін алынатын лицензиялық алым	27 779,0	51 833,0	24 054,0	186,6	27 958,0	185,4
20	105404	Аукциондардан алынатын алым	0,0	0,0	0,0	0,0	58,0	0,0
21	105420	Сырт.(көрн.)жарн.ауд.маң.бар қал,ауыл,кент,ауыл.окр.аум.арқ.өт.обл.маң.бар жалп.ортақ пайд. авт. жол.бөл.белд.жарн.тұр.орн.объек.орн.үш.төлем.косп.,сырт.(көрн.)жарн.обл.маң.бар ЖОП авт. жол.бөл.белд. жарн. тұр. орн.об.орн.үш.төл	0,0	1,0	1,0	0,0	41,0	3,1
22	105425	Сырт.(көрн.)жарн.ауд.маң.бар ЖОП авт.жол. бөл.белд.ауд.маң.бар қал, ауыл, кент.үй-жайл.тыс ашық кең. жарн. тұр.орн.объ. ж-е уд.тірк.көлік құр. орн. үш. төл. косп, сырт. (көрн.) жар. обл. маң.бар қал.үй-жай.тыс ашық кең.ж-е обл. маң.бар қал.тірк.көлік құр. орн.үш.төл	19 922,0	21 157,0	1 235,0	106,2	18 894,0	112,0
23	105429	Жергілікті бюджеттен енгізілетін тіркеу алымы	243 361,0	261 089,0	17 728,0	107,3	298 273,0	87,5
24	105430	Сыртқы(көр)жарн.ауд.маң.бар қал., ауыл, кенттер, ауыл. округ. аумақ.арқылы өтетін респ., обл.және аудан. маң. бар жал ортақ пайд.авт.жолд. бөл.белд. жарн. тұр.орн.объек.және ауд.маң.бар қал, ауыл, кент.үй-жайлар.шег.тыс ашық кеңіс-е орнал.үшін төлемақы	6 574,0	7 814,0	1 240,0	118,9	5 138,0	152,1
25	105433	Жұмыс берушілерге Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсатты бергені және (немесе) ұзартқаны үшін алым	347 000,0	87 095,0	-259 905,0	25,1	325 712,0	26,7
26	105434	Қызметтің жекелеген түрлерімен айналысуға лицензияларды пайдаланғаны үшін төлемақы	88 701,0	99 793,0	11 092,0	112,5	82 112,0	121,5
27	105502	Тіркелген салық	18 707,0	24 473,0	5 766,0	130,8	15 615,0	156,7
28	107110	Жергілікті бюджетке түсетін өзге де салық түсімдері	2 449,0	-1 680,0	-4 129,0	-68,6	31 661,0	-5,3
29	108126	Жергілікті бюджеттен енгізілетін мемлекеттік бажы	315 120,0	393 730,0	78 610,0	124,9	289 100,0	136,2



Жалпы жинағы	58 731 054,0	59 788 723,0	1 057 669,0	101,8	51 169 150,0	116,8
--------------	--------------	--------------	-------------	-------	--------------	-------

Салықтық түсімдердің жоспар бойынша көрсеткіштерінің 150 пайыздан асыра орындалуы келесі 2 салық бойынша қалыптасқан, оның ішінде:

- 105 303 «Жер бетіне жақын көздердегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем» бойынша жоспар 58 828,0 мың теңге болса, нақты орындалғаны 91 669,6 мың теңге, яғни жоспар 32 841,6 мың теңгеге немесе 155,8 пайыз асыра орындалған.

Жоспардың артық орындалуының себебі, жыл ішінде салық төлеушілер саны 37-ге дейін көбеюінен түсім артып отыр. Атап айтқанда «Казводхоз» ЖШС-нен 72 000,0 мың теңгеге, «Аксу» МҚМ 1 935,0 мың теңгеге, «Водные ресурсы-Маркетинг» ЖШС-нен 700,0 мың теңгеге төлем жасаған.

- 105 316 «Қоршаған ортаны эмиссия үшін төленетін төлемақы» бойынша жоспар 1 108 300,0 мың теңге болса, нақты орындалғаны 2 265 640,8 мың теңге, яғни жоспар 1 157 340,8 мың теңгеге асыра орындалған немесе 204,4 пайыз.

Жоспардың асыра орындалуы себебі алдын-ала төленген аванстық төлемдер есебінен орын алған. Атап айтқанда «ИНКАЙ» ЖШС-гінен 250 000,0 мың теңге, «ТТК» ЖШС-гінен 150 000,0 мың теңге, «ЮКГХ» ЖШС-гінен 128 000,0 мың теңге, «АҚ-ЖОЛ» ЖШС-гінен 70 000,0 мың теңге, «ОҢТҮСТІК» аймақтық инвестициялық орталығы» 69 300,0 мың теңге. Сондай-ақ, қосымша 3 100,0 мың теңгеге кіріс көзі анықталған.

***Салықтық түсімдер бойынша болжамдық көрсеткіштерінің кем орындалуы келесі 5 салық бойынша қалыптасқан, оның ішінде:***

- 101 201 «Төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы» бойынша жоспар 18 996 835 мың теңге болса, нақты орындалғаны 18 187 440 мың теңге, яғни жоспар 809 395 мың теңгеге кем орындалған.

Түсімдердің жоспары орындалмауының себебі, жеке табыс салығы бойынша негізгі салық төлеушілер Шымкент қаласында болғандықтан, 2018 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Түркістан облысы болып өзгеруіне және Шымкент қаласына республикалық дәрежедегі қала мәртебесі берілуіне және бюджеттері бөлінуіне байланысты, облыстық бюджетке түсетін түсімдер азайған. Дегенмен, жыл ішінде ірі төлем жасаған төлеушілер келесі: Филиал «Рудник Таукент» ЖШС-і «Казатомпром-SaUran» 2019 жылы 176 600,0 мың теңге көлемінде төлем жасаған. Сонымен қатар Шымкент қаласында тіркеуде болған мекемелер Түркістан қаласына ауысуына байланысты төлем жасаған. Атап айтқанда «Администратор судов по Южно-Казахстанской области» 2019 жылы 94 300,0 мың теңге, «Түркістан облысы бойынша МКД» 124 100,0 мың теңге және т.б. төлем жасалған;

- 101205 «Төлем көзінен салық салынбайтын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы» бойынша жоспар 557 638,0 мың теңге болса, нақты орындалғаны 400 485,0 мың теңге, яғни жоспар 157 153,0 мың теңгеге кем орындалған. Жоспардың орындалмауының себебі резидент емес тұлғалардың, яғни келіп жұмыс істейтін шетел

азаматтарының саны азайған. Бұл өз кезегінде, осы салық бойынша түсімнің біршама азаюына әкеп соқты.

- 103 101 «Әлеуметтік салық» бойынша жоспар 19 278 657,0 мың теңге болса, нақты орындалғаны 18 857 336 мың теңге, яғни жоспар 421 321,0 мың теңгеге кем орындалған. Себебі бұл салық бойынша негізгі салық төлеушілер Шымкент қаласына тіркелуіне және Шымкент қаласына республикалық дәрежедегі қала мәртебесі берілуімен қатар бюджеттері бөліну салдарына, облыстық бюджетке түсетін түсімдер азайған.

Дегенмен, жыл қорытындысымен ірі төлем жасаған төлеушілер келесі: Бәйдібек аудандық ауруханасы 37 700,0 мың теңге, «Берен» ЖШС-гі 7 500,0 мың теңге, Казатомпром-SaUran Филиал «Рудник Таукент» ЖШС-і 2019 жылы 149 500,0 мың теңге көлемінде төлем өндірілген.

Сондай-ақ, Оңтүстік Қазақстан облысының бөлінуіне байланысты, коммерциялық емес «Мемлекеттік корпорация «Азаматтарға арналған Үкімет» Түркістан облысы бойынша АҚ филиалы 2019 жылы 164 200,0 мың теңге көлемінде төлем жасаған, Түркістан облысы бойынша МКД 82 300,0 мың теңге, Администратор судов по Южно-Казахстанской области 79 200,0 мың теңге, Филиал «Оңтүстік ауыз су» 22 600,0 мың теңге, және т.б. мекемелер төлем жасаған.

- 105 314 «Жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлемдер» бойынша жоспар 35 930,0 мың теңге болса, нақты орындалғаны 1 095,5 мың теңге, яғни жоспар 34 834,5 мың теңгеге кем орындалған. Жоспардың орындалмауының себебі негізгі салық төлеуші МКМ «Шымкент мемлекеттік дендрологиялық паркі» Шымкент қаласында тіркеу есебінде болғандықтан.

- 105 433 «Жұмыс берушілерге Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсатты бергені және (немесе) ұзартқаны үшін алым» бойынша жоспар 347 000,0 мың теңге болса, нақты орындалғаны 87 094,6 мың теңге, яғни жоспар 259 905,5 мың теңгеге кем орындалмаған.

Дегенмен жалпы жыл ішінде айтарлықтай ірі түсім келесі төлеушілерден: «Andritz Hydro GmbH»-ден 6 760,0 мың теңге, «Казахстанско-французское совместное предприятие «Катко» ЖШС 3 613,5 мың теңге, «Азиатский Газопровод» ЖШС 10 549,0 мың теңге; Филиал АҚ «НГСК КазСтройСервис» «Орталық техникалық база» - 7 776,0 мың теңге; Филиал SYSTEM INSAAT Limited Sirketi - 6 984,1 мың теңге және т.б. түскен.

- 107 110 «Жергілікті бюджетке түсетін өзге де салық түсімдері» бойынша жоспар 2 449,0 мың теңге болса, нақты орындалғаны 1680,0 мың теңге, яғни жоспар 4 129,0 мың теңгеге жоспар кем орындалмаған.

**Бюджетке түсетін салықтық түсімдердің өткен жылмен салыстырғандағы қарқынын, кем түсуі немесе арту себептерін талдау.**

101201-Төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы

(мың теңге)

№	Аудан атауы	2018 жыл	2019 жыл
---	-------------	----------	----------

		%	Облыстық бюджетке	Жалпы контингентте	%	Облыстық бюджетке	Жалпы контингентте
1	Бәйдібек	26,5	129 356,5	488 137,8	55,0	307 047,0	558 267,4
2	Казығұрт	54,5	354 915,6	651 221,4	55,0	432 618,2	786 578,6
3	Мақтаарал	61,0	827 795,0	1 357 041,1	55,0	435 953,8	792 643,4
4	Жетісай	61,0	133 340,0	218 590,3	0,0	0,0	1 122 134,3
5	Ордабасы	15,2	108 535,8	714 051,6	55,0	455 010,0	827 291,0
6	Отырар	22,1	179 638,2	812 842,4	55,0	438 842,0	797 894,6
7	Сайрам	61,5	889 067,7	1 445 638,6	55,0	845 869,3	1 537 944,2
8	Сарыағаш	58,0	973 405,9	1 678 286,2	55,0	702 193,3	1 276 715,2
9	Келес	-	-	122 462,4	0,0	0,0	736 151,8
10	Созақ	37,1	1 234 843,0	3 328 417,8	55,0	1 787 639,6	3 250 253,8
11	Төлеби	54,1	384 647,3	710 993,2	55,0	458 802,0	834 185,5
12	Түлкібас	1,8	12 507,8	694 875,4	55,0	433 778,3	788 687,9
13	Шардара	53,2	216 322,8	406 621,9	55,0	253 902,1	461 640,3
14	Арыс қ	38,0	146 130,5	384 554,1	55,0	254 286,4	462 338,9
15	Кентау қ	19,0	134 261,4	706 638,8	15,0	168 235,4	1 121 569,8
16	Түркістан қ	44,1	699 642,2	1 586 490,3	0,0	0,0	2 833 143,6
17	Шымкент қ	48,7	5 704 869,0	11 714 310,0	-	-	-
	Облыстық	100,0	12 162 334,8	27 054 229,0	100,0	6 974 177,4	-
	Барлығы	89,9	24 321 751,8	27 054 229,0	78,0	14 186 203,3	18 187 440,1

101 201 «Төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы» бойынша 2019 жылы облыстық бюджет пен аудан (қала) бюджеттері арасында бөлу нормативі бойынша облыстық бюджетте 6 974 177,4 мың теңге қалыптасқан, ал 2018 жылы 12 162 334,8 мың теңге қалыптасқан, оның ішінде 5 704 869,0 мың теңгесі Шымкент қаласына тиесілі, яғни Шымкент қаласының есебінен 2018 жылмен салыстырғанда түсім азайып отыр.

**Төлем көзінен салық салынбайтын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы**

*(мың теңге)*

№	Аудан атауы	2018 жыл			2019 жыл		
		%	Облыстық бюджетке	Жалпы контингентте	%	Облыстық бюджетке	Жалпы контингентте
1	Бәйдібек	0,0	0,0	20 395,2	0,0	0,0	28 357,0
2	Казығұрт	0,0	0,0	86 488,3	0,0	0,0	104 608,0
3	Мақтаарал	0,0	0,0	134 626,3	0,0	0,0	68 308,5
4	Жетісай	0,0	-	17 167,5	0,0	-	118 744,4
5	Ордабасы	0,0	0,0	76 428,8	0,0	0,0	68 416,2
6	Отырар	0,0	0,0	39 235,6	0,0	0,0	44 156,7
7	Сайрам	0,0	0,0	164 517,5	0,0	0,0	222 610,3
8	Сарыағаш	0,0	0,0	219 452,1	0,0	0,0	224 923,6
9	Келес	0,0	0,0	3 603,6	0,0	-	67 058,5
10	Созақ	0,0	0,0	57 726,8	0,0	0,0	47 330,6
11	Төлеби	0,0	0,0	80 980,6	0,0	0,0	102 532,1

12	Түлкібас	0,0	0,0	89 326,5	0,0	0,0	88 884,9
13	Шардара	0,0	0,0	752 290,0	0,0	0,0	84 841,0
14	Арыс қ	0,0	0,0	150 461,6	0,0	0,0	232 287,9
15	Кентау қ	0,0	0,0	85 771,8	0,0	0,0	102 618,0
16	Түркістан қ	0,0	0,0	238 157,2	0,0	0,0	335 319,6
17	Шымкент қ	0,0	0,0	-	-	-	-
Барлығы		0,0	0,0	2 216 630,89	0,0	0,0	1 940 997,1

**101205- Төлем көзінен салық салынбайтын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы**

*(мың теңге)*

№	Аудан атауы	2018 жыл			2019 жыл		
		%	Облыстық бюджетке	Жалпы контингентте	%	Облыстық бюджетке	Жалпы контингентте
1	Бәйдібек	50,0	4 204,5	8 409,0	50,0	3 914,3	7 828,7
2	Казығұрт	50,0	4 588,8	9 177,7	50,0	3 078,0	6 156,0
3	Мақтарал	50,0	17 346,0	34 692,0	50,0	6 921,2	13 842,5
4	Жетісай	50,0	526,7	1 053,4	50,0	10 172,5	20 345,1
5	Ордабасы	50,0	9 162,7	18 325,4	50,0	11 219,0	22 438,1
6	Отырар	50,0	14 089,2	28 178,5	50,0	11 677,7	23 355,5
7	Сайрам	50,0	31 874,2	63 748,5	50,0	20 989,7	41 979,5
8	Сарыағаш	50,0	39 894,9	79 789,9	50,0	33 064,6	66 129,3
9	Келес	50,0	185,2	370,4	50,0	6 602,3	13 204,7
10	Созақ	50,0	5 360,9	10 721,9	50,0	4 081,7	8 163,5
11	Төлеби	50,0	11 200,6	22 401,2	50,0	6 359,4	12 718,8
12	Түлкібас	50,0	13 099,4	26 198,8	50,0	11 371,7	22 743,4
13	Шардара	50,0	4 804,1	9 608,2	50,0	2 803,0	5 606,0
14	Арыс қ	50,0	9 060,7	18 121,4	50,0	7 509,4	15 018,9
15	Кентау қ	6,9	867,8	12 577,6	50,0	19 359,3	38 718,6
16	Түркістан қ	61,1	56 209,3	91 995,6	50,0	41 118,2	82 236,4
17	Шымкент қ	50,0	33 007,0	66 014,0	-	-	-
Облыстық		100,0	255 482,1	-	100,0	200 242,4	-
Барлығы		100,0	255 482,1	501 383,2	100,0	200 242,5	400 484,9

101205 «Төлем көзінен салық салынбайтын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы» бойынша 2019 жылы облыстық бюджетте 200 242,5 мың теңге, ал 2018 жылы 255 482,1 мың теңге (*Шымкент қаласын қоса есептегенде*) қалыптасқанымен, 2019 жылды, 2018 жылмен салыстырғанда түсімнің азаюының себебі, Өзбекстаннан келіп жұмыс істейтін резидент емес тұлғалардың, яғни келіп жұмыс істейтін шетел азаматтарының саны азаюына. Бұл өз кезегінде, осы салық бойынша түсімнің біршама азаюына әкеп соққан.

**Әлеуметтік салық**

*(мың теңге)*

№	Аудан атауы	2018 жыл	2019 жыл
---	-------------	----------	----------

		%	Облыстық бюджетке	Жалпы контингентте	%	Облыстық бюджетке	Жалпы контингентте
1	Бәйдібек	50,0	225 282,1	450 564,1	50,0	277 171,2	554 342,5
2	Казығұрт	50,0	318 813,3	637 626,6	50,0	415 368,6	830 737,3
3	Мақтаарал	50,0	695 310,0	1 390 620,0	50,0	407 580,0	815 160,1
4	Жетісай	50,0	102 558,8	205 117,5	50,0	632 492,7	1 264 985,5
5	Ордабасы	50,0	317 001,2	634 002,5	60,0	491 807,3	819 678,9
6	Отырар	50,0	334 107,8	668 215,6	50,0	443 069,4	886 138,9
7	Сайрам	50,0	676 489,0	1 352 978,0	50,6	851 373,0	1 682 555,4
8	Сарыағаш	42,8	688 928,9	1 609 647,0	54,0	738 400,7	1 367 408,8
9	Келес	-	-	164 025,1	-	-	804 373,5
10	Созақ	50,0	1 375 077,3	2 750 154,6	50,0	1 444 327,9	2 888 655,9
11	Төлеби	50,0	346 363,4	692 726,9	50,0	450 142,9	900 285,9
12	Түлкібас	0,0	0	629 812,8	50,0	412 057,8	824 115,6
13	Шардара	50,0	222 306,1	444 612,1	51,6	281 454,2	545 453,9
14	Арыс қ	50,0	185 175,5	370 350,9	50,0	273 046,6	546 093,2
15	Кентау қ	50,0	321 171,4	642 342,7	61,4	768 525,0	1 251 669,4
16	Түркістан қ	50,0	745 670,8	1 491 341,7	41,9	1 437 840,6	2 875 681,2
17	Шымкент қ	50,0	5 243 009,0	10 486 016,0	-	-	-
	Облыстық	100,0	12 230 218,3	-	100,0	9 324 657,9	-
	Барлығы	95,5	12 230 218,3	23 997 274,0	95,6	18 027 613,2	18 857 336,0

103101 «Әлеуметтік салық» бойынша 2019 жылы облыстық бюджетте 9 324 657,9 мың теңге, ал 2018 жылы 12 230 218,3 мың теңгеге қалыптасқанымен, оның ішінде 5 243 009,0 мың теңгесі Шымкент қаласына тиесілі. Яғни, Шымкент қаласының есебімен 2018 жылды салыстырғанда түсім азайып отыр.

Салықтық түсімдерді өткен жылмен салыстырғанда 5 салық бойынша азайған, оның ішінде:

-101 202 «Төлем көзінен ұсталынбайтын жеке табыс салығы» 275 634 мың теңгеге;

-101205 «Төлем көзінен салық салынбайтын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы» 34 884,0 мың теңгеге;

-105314 «Жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлем» 2018 жылмен салыстырғанда 6 818,1 мың теңгеге кеміген. Себебі, негізгі салықтөлеуші МҚМ «Шымкент мемлекеттік дендрологиялық паркі» Шымкент қаласына тіркеу есебінде.

-105420 «Сыртқы (көрнекі) жарнаманы аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер аумақтары арқылы өтетін облыстық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуіндегі жарнаманы тұрақты орналастыру объектілерінде орналастырғаны үшін төлемақыны қоспағанда, сыртқы (көрнекі) жарнаманы облыстық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуіндегі жарнаманы тұрақты орналастыру объектілерінде орналастырғаны үшін төлемақы» 2018 жылмен салыстырғанда 39,6 мың теңгеге кеміген. Себебі 2018 жылы жеке кәсіпкер Оразбаевтан бір реттік ірі көлемде төлем жасалған.

-105433 «Жұмыс берушілерге Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсатты бергені және (немесе) ұзартқаны үшін алым» 2018 жылмен салыстырғанда 238 617,0 мың теңгеге кеміген. Себебі Өзбекстаннан келіп жұмыс істейтін резидент емес тұлғалардың, яғни келіп жұмыс істейтін шетел азаматтарының саны азаюынан.

Салық бойынша түсім шетелдік жұмыс күшін тартуға берілген рұқсат санының азаюына байланысты осы салық бойынша түсімнің азаюына әкеп соққан.

Жергілікті бюджетке түсетін өзге де салық түсімдері бойынша 2018 жылы 1 249,7 мың теңгеге түсімдер түскен, ал 2019 жылы жергілікті бюджетке түсетін өзге де салық түсімдері жоспарланбаған және түсімдер түспеген.

Салықтық түсімдерді өткен жылмен салыстырғанда 3 салық бойынша көбейген, оның ішінде:

- 105 303 «Жер бетіне жақын көздердегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем» 2018 жылмен салыстырғанда 14 396,1 мың теңгеге артқан. Жыл ішінде төлеушілер саны 37-ге көбейді (2019 жылы 4 873, 2018 жылы 4 836,0), осыған сәйкес, негізгі төлеушіден түсім артты: «Казводхоз» 58 800,0 мың теңгеге (2018 жылы 13 400,0 мың теңге, есепті жылы 72 200,0 мың теңге); «Аксу» МҚМ 1 935,0 мың теңгеге; «Водные ресурсы-Маркетинг» ЖШС-гі 100,0 мың теңгеге (2018 жылы 600,0 мың теңге, есепті жылы 700,0 мың теңге) және т.б. мекемелерден түсім артқан;

- 105304 «Орманды пайдаланғаны үшін төлем» 2018 жылмен салыстырғанда 3 817,1 мың теңгеге артқан. 2018 жылы 510 төлеуші, ал 2019 жылы 664 төлеушіден түсім түсті, яғни төлем жасаған төлеушілер саны 154-ке көбейген. Ірі түсім келесіден: «Казахстанско-французское совместное предприятие «Катко» ЖШС-гі 2 072,0 мың теңге, Косымбаев Бекболат 193,1 мың теңге, «Арман-2006» ЖШС-гі 188,4 мың теңге, Аяпов Бахыт 151,4 мың теңгеге және т.б. түскен.

-105316 «Қоршаған ортаға эмиссия үшін төленетін төлемақы» 2018 жылмен салыстырғанда 1 145 790,2 мың теңгеге артқан. Негізгі себебі төлем жасаушылар салыстырмалы түрде 2019 жылы алдын-ала төленген аванстық төлемдер төлеуіне байланысты болып отыр.

***Жоспардың асыра орындалуы бюджеттің кіріс бөлігін жоспарлау сапасын одан әрі жетілдіруді қажет ететіндігін көрсетеді, сондай-ақ, жете орындалмаған салықтық түсімдердің толық орындалуы бойынша жүйелі шаралар қабылдау қажет деп есептейміз.***

**Бюджетке түсетін салықтық емес түсімдердің жоспарының орындалуының толықтығы мен уақтылығын, жете орындалмау немесе асыра орындалу себептерін талдау;**

2019 жылы салықтық емес түсімдер жоспары 3 110 557,0 мың теңге болса, нақты орындалғаны 2 858 364,0 мың теңге, яғни 252 193,0 мың теңге кем немесе 91,9 пайызға орындалған.

Салықтық емес түсімдер бойынша жоспарды асыра орындаудың басым бөлігі келесі түсім түрлері бойынша қалыптасқан, оның ішінде:

- 201102 «Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігінің түсімдері» бойынша жоспар 48 103,0 мың теңге болса, нақты орындалғаны 53 168,0 мың теңге немесе жоспар 5 065,0 мың теңгеге асыра орындалған. Яғни 2019 қаржы жылында шығынмен аяқтаған кәсіпорындардың азаюына байланысты, жоспар асыра орындалған.

- 201504 «Облыстың коммуналдық меншіктегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер» бойынша жоспар 33 820 мың теңге болса, нақты орындалғаны 54 481,6 мың теңге немесе жоспар 20 661,6 мың теңгеге асыра орындалған. Жоспардың асыра орындалуының себебі, коммуналдық мүлікті жалдауға (жалға алуға) беру «Gosreestr.kz» веб-порталы арқылы тендер түрінде жүзеге асырылады және қатысушылардың саны артып, коммуналдық мүлікті жоғары бағамен жалға беру мүмкіндігі пайда болуына байланысты мүлікті жалға беруден түсетін түсім ұлғайған.

-201716 «Қаржы агенттеріне үкіметтік сыртқы қарыз қаражаты есебінен жергілікті бюджеттен ішкі көздер есебінен берілген бюджеттік кредиттер бойынша сыйақылар» бойынша жоспар 2 326,0 мың теңге болса, нақты орындалғаны 2 806,1 мың теңге немесе жоспар 480,1 мың теңгеге асыра орындалған. Жоспардың асыра орындалуының себебі, қаржы агенттеріне үкіметтік сыртқы қарыз қаражаты есебінен жергілікті бюджеттен ішкі көздер есебінен берілген бюджеттік кредиттер бойынша сыйақыларды қайтару есебінен.

-204105 «Облыстық бюджеттен қаржыландыратын мемлекеттік мекемелер салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар» бойынша жоспар 60 000,0 мың теңге болса, нақты орындалғаны 77 880,7 мың теңге немесе жоспар 17 880,7 мың теңгеге асыра орындалған. Жоспардың асыра орындалуының себебі, салық төлеушілердің ұлғаюынан.

-206114 «Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен оның инфрақұрылымын дамытуға жер қойнауын пайдаланушылардың аударымдары» бойынша жоспар 1 200 000,0 мың теңге болса, нақты орындалғаны 1 345 684,6 мың теңге немесе жоспар 145 684,6 мың теңгеге асыра орындалған. Жоспардың асыра орындалуының себебі жер қойнауын пайдаланушылардың аударымдары артуына байланысты.

Жоспар көрсеткіштері 2 салықтық емес түсімдер бойынша орындалмаған, атап айтқанда:

- 201302 «Коммуналдық меншіктегі акциялардың мемлекеттік пакетіне берілетін дивидендтер» бойынша жоспар 269 361,0 мың теңге, нақты түскені 122 567,0 мың теңге, яғни 146 794,0 мың теңгеге кем орындалған. Жоспардың кем орындалуының себебі Себебі, есепті жылы 2-ші аудиторлық тексеру нәтижесінде шығынға ұшыраған ұйымдар есебінен жоспар орындалмаған. Атап айтқанда, есепті жылы «ОҢТҮСТІК» аймақтық инвестициялық орталығы» ЖШС-нен 1 363 707,0 мың теңге, «Түркістан әлеуметтік-экономикалық корпорациясы» АҚ 1 699 827,0 мың теңге шығынға ұшыраған.

- 204106 Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың ішкі істер департаменттері, олардың аумақтық бөлімшелері салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар,



өндіріп алулар бойынша жоспар 1 500 000,0 мың теңге, нақты түскені 1 199 919,1 мың теңге, яғни 300 080,9 мың теңгеге кем орындалған. Негізгі себебі жергілікті ішкі істер департаменті және аумақтық бөлімшелері салған әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар азаюына байланысты.

Сонымен қатар, төмендегі салықтық емес түсімдері жоспарланбаса да, түсім түскен, атап айтқанда:

-Коммуналдық меншіктегі заңды тулғаларға қатысу үлесіне кірістер 3,8 мың теңге;

-Облыстың коммуналдық меншігіндегі тұрғын үй қорынан үйлерді жалға беруден түсетін кірістер 363,0 мың теңге;

-Мамандандырылған ұйымдарға жергілікті бюджеттен берілген бюджеттік кредиттер бойынша сыйақылар 16,4 мың теңге;

-Иесіз мүлікті, белгіленген тәртіппен коммуналдық меншікке өтеусіз өткен мүлікті, қадағалаусыз жануарларды, олжаларды, сондай-ақ мұрагерлік құқығы бойынша мемлекетке өткен мүлікті сатудан алынатын түсімдер 157,6 мың теңге;

-Коммуналдық меншігіне жататын жер учаскелері бойынша сервитут үшін төлемақы 15,2 мың теңге;

-Түзету жұмыстарына сотталғандардың еңбекақысынан ұсталатын түсімдер 1377,8 мың теңге;

-Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелермен алынатын өзге де айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар 5 718,9 мың теңге;

-Бұрын жергілікті бюджеттен алынған, пайдаланылмаған қаражаттардың қайтарылуы 87,6 мың теңге;

-Жергіліктік бюджетке түсетін салықтық емес басқа да түсімдер 13 993,7 мың теңге.

**Бюджетке түсетін салықтық емес түсімдердің өткен жылмен салыстырғандағы қарқынын, кем түсуі немесе арту себептерін талдау**

*(мың теңге)*

№ р/с	Салықтар мен түсімдердің атауы	2018 жылғы орындалуы	2019 жылғы түзетілген бюджет	2019 жылғы орындалуы	Өсу (төмендеу) % 2019/2018	2019ж./ 2018ж ауытқуы.
	Салықтық емес түсімдер	4 166 956,6	3 110 557,0	2 858 364,0	-31,4	-1 308 592,6
1	Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігінің түсімдері	16 524,1	36 241,0	37 405,8	126,7	20 881,7
2	Коммуналдық меншіктегі акциялардың мемлекеттік пакетіне берілетін дивидендтер	256 294,6	265 574,0	117 921,2	-54,0	-138 373,4
3	Коммуналдық меншіктегі заңды тулғаларға қатысу үлесіне кірістер	-	0,0	3,8	-	3,8
4	Облыстың коммуналдық меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	58 634,9	33 820,0	54 481,6	-7,1	-4 153,3
5	Облыстың коммуналдық меншігіндегі тұрғын үй қорынан үйлерді жалға беруден түсетін кірістер	45,0	0,0	363,0	706,6	318



6	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарына облыстық бюджеттен берілген бюджеттік кредиттер бойынша сыйақылар	602,0	12 596,0	531,0	-11,8	-71
7	Қаржы агенттіктеріне үкіметтік сыртқы қарыз қаражаты есебінен жергілікті бюджеттен ішкі көздер есебінен берілген бюджеттік кредиттер бойынша сыйақылар	2 020,0	2 326,0	2 806,1	38,9	786,1
8	Мамандандырылған ұйымдарға жергілікті бюджеттен берілген бюджеттік кредиттер бойынша сыйақылар	6,0	0,0	16,4	173,3	10,4
9	Иесіз мүлікті, белгіленген тәртіппен коммуналдық меншікке өтеусіз өткен мүлікті, қадағалаусыз жануарларды, олжаларды, сондай-ақ мұрагерлік құқығы бойынша мемлекетке өткен мүлікті сатудан алынатын түсімдер	14,4	0,0	157,6	994,4	143,2
10	Коммуналдық меншігіне жататын жер учаскелері бойынша сервитут үшін төлемақы	2,4	0,0	15,2	533,3	12,8
11	Облыстық бюджеттен қаржыландыратын мемлекеттік мекемелер салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	131 384,3	60 000,0	77 880,7	-40,7	-53 503,6
12	Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың ішкі істер департаменттері, олардың аумақтық бөлімшелері салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	2 377 053,2	1 500 000,0	1 199 919,1	-49,5	-1 177 134,1
13	Түзету жұмыстарына сотталғандардың еңбекақысынан ұсталатын түсімдер	1 955,2	0,0	1 377,8	-29,5	-577,4
14	Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелермен алынатын өзге де айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар	1 177,8	0,0	5 718,9	385,6	4 541,1
15	Бұрын жергілікті бюджеттен алынған, пайдаланылмаған қаражаттардың қайтарылуы	7 770,5	0,0	87,6	-98,9	-7 682,90
16	Жергілікті бюджетке түсетін салықтық емес басқа да түсімдер	86 795,8	0,0	13 993,7	-83,9	-72 802,1
17	Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен оның инфра құрылымын дамытуға жер қойнауын пайдаланушылардың аударымдары	1 226 676,1	1 200 000,0	1 345 684,6	9,7	119 008,5

2019 жылғы салықтық емес түсімдерді 2018 жылмен салыстырғанда 1 308 592,6 мың теңгеге немесе 31,4 пайызға кеміген, атап айтқанда:

- Коммуналдық меншіктегі акциялардың мемлекеттік пакетіне берілетін дивидендтер бойынша 138 373,4 мың теңгеге кеміген. Себебі, есепті жылы 2-ші аудиторлық тексеру нәтижесінде шығынға ұшыраған ұйымдар есебінен өткен жылмен салыстырғанда азайған. Атап айтқанда, есепті жылы «ОҢТҮСТІК» аймақтық инвестициялық орталығы» ЖШС - 1 363 707,0 мың теңге, «Түркістан әлеуметтік-экономикалық корпорациясы» АҚ-1 699 827,0 мың теңге шығынға ұшыраған.

- Облыстың коммуналдық меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кіріс 4 153,3 мың теңгеге кеміген. Себебі, облыс әкімінің 2018 жылғы 13 тамыздағы №234 санды және 2018 жылғы 25 тамыздағы №250 санды қаулыларына сәйкес, облыстық коммуналдық меншіктегі 99 заңды тұлға мен 7 ғимараттың Шымкент қаласының коммуналдық меншігіне өтуіне байланысты 2018 жылмен салыстырғанда түсім көлемі азайды.

- Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарына облыстық бюджеттен берілген бюджеттік кредиттер бойынша сыйақылар 71,0 мың теңгеге кеміген. Себебі, бюджеттік кредиттер бойынша сыйақылардың толық түспеуінен.

- Облыстық бюджеттен қаржыландыратын мемлекеттік мекемелер салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар бойынша 53 503,6 мың теңгеге кеміген. Себебі, өткен жылы әкімшілік айыппұлдардың басым бөлігі Шымкент қаласында өндірілген болатын.

- Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың ішкі істер департаменттері, олардың аумақтық бөлімшелері салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар 1 177 134,1 мың теңгеге кеміген. Негізгі себебі жергілікті ішкі істер департаменті және аумақтық бөлімшелері салған әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар азаюына байланысты.

- Түзету жұмыстарына сотталғандардың еңбекақысынан ұсталатын түсімдер 577,4 мың теңгеге кеміген. Себебі, сот шешімімен жеке тұлғалардан түсетін түсімнің азаюына байланысты.

- Бұрын жергілікті бюджеттен алынған, пайдаланылмаған қаражаттардың қайтарылуы бойынша өткен 2018 жылмен салыстырғанда 7 682,9 мың теңгеге кеміген, себебі 2018 жылы алдыңғы жылдары жергілікті бюджеттен алынып, пайдаланылмаған қаржылардың көп болуынан.

- Жергілікті бюджетке түсетін салықтық емес басқа да түсімдер 72 802,1 мың теңгеге кеміген. Себебі, 2018 жылы сметалық құжаттамада қаралған уақытша ғимараттар құнынан 15 пайызға көлемдегі қайтару сомасы, Қазақстан Республикасы Заңнамасын бұзылуына байланысты салынған айыппұлдар, сондай-ақ, бюджетке қайтарылған өзге де салықтық емес түсімдер көлемі есепті жылмен салыстырғанда көп орын алған.

Сонымен қатар, өткен жылмен салыстырғанда 9 салықтық емес түсімдер бойынша артқан, атап айтқанда:

- Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігінің түсімдері бойынша 20 881,7 мың теңгеге артқан. Себебі, өткен жылмен салыстырғанда мемлекеттік кәсіпорындардың табысының жоғарылуынан.

- Коммуналдық меншіктегі заңды тұлғаларға қатысу үлесіне кірістер 3,8 мың теңгеге артуы, есепті жылы қаржы қате түскен.

- Облыстың коммуналдық меншігіндегі тұрғын үй қорынан үйлерді жалға беруден түсетін кірістер 318,0 мың теңгеге артқан. Себебі, есепті жылы жеке кәсіпкерлік Таженова Индирадан қыркүйек, қазан, қараша айларында үш реттік төлем жасалынған.

- Қаржы агенттіктеріне үкіметтік сыртқы қарыз қаражаты есебінен жергілікті бюджеттен ішкі көздер есебінен берілген бюджеттік кредиттер бойынша сыйақылар 786,1 мың теңгеге артқан. Себебі қаржы агенттіктеріне үкіметтік сыртқы қарыз қаражаты есебінен жергілікті бюджеттен ішкі көздер есебінен берілген бюджеттік кредиттер бойынша сыйақыларды толықтай қайтару есебінен.

- Мамандандырылған ұйымдарға жергілікті бюджеттен берілген бюджеттік кредиттер бойынша сыйақылар 10,4 мың теңгеге артқан. Есепті жылы мамандандырылған ұйымдарға жергілікті бюджеттен берілген бюджеттік кредиттер бойынша сыйақылар адын-ала түсуіне байланысты.

- Иесіз мүлікті, белгіленген тәртіппен коммуналдық меншікке өтеусіз өткен мүлікті, қадағалаусыз жануарларды, олжаларды, сондай-ақ мұрагерлік құқығы бойынша мемлекетке өткен мүлікті сатудан алынатын түсімдер бойынша 143,2 мың теңгеге артқан. Себебі есепті жылы иесіз мүлікті, белгіленген тәртіппен коммуналдық меншікке өтеусіз өткен мүлікті, қадағалаусыз жануарларды, олжаларды, сондай-ақ мұрагерлік құқығы бойынша мемлекетке өткен мүлікті сатудан алынатын түсімдер анықталған.

- Коммуналдық меншігіне жататын жер учаскелері бойынша сервитут үшін төлемақы бойынша 12,8 мың теңгеге артуының себебі, есепті жылы қаржы қате түскен.

- Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелермен алынатын өзге де айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар 4 541,1 мың теңге артқан. Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелермен алынатын өзге де айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялардың нақты өндірілуіне байланысты өткен жылмен салыстырғанда асыра орындалған.

- Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен оның инфрақұрылымын дамытуға жер қойнауын пайдаланушылардың аударымдары 119 008,5 мың теңгеге артқан. Себебі, өткен жылмен салыстырғанда жер қойнауын пайдаланушылардың аударымдары артуына байланысты.

Бюджеттің кіріс бөлігінің жоспарын қалыптастыру кезінде өткен жылдардағы төлемдердің түсімінің өсу қарқыны мен серпіні, яғни нақты салықтық база толық ескеріле бермейді.

Бұл өз кезегінде, бюджеттің кіріс бөлігінің жоспарлау сапасын одан әрі жетілдіруді қажет етеді.

*Жоспарды едәуір асыра орындалуын немесе толық орындалмауын, жыл көлемінде нақтылауларды болдырмау немесе азайту мақсатында түсімдердің мониторингін тұрақты негізде жүргізу қажет деп есептейміз.*

***Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдердің жоспарының орындалуының толықтығы мен уақтылығын, жете орындалмау немесе асыра орындалу себептерін талдау.***

2019 жылы негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер жоспары 15 000,0 мың теңгені болса, нақты орындалғаны 20 768,2 мың теңге, яғни 5768,2 мың теңге артығымен немесе 138,5 пайызға орындалған.

**Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдердің өткен жылмен салыстырғандағы қарқынын, кем түсуі немесе арту себептерін талдау**

2019 жылы негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдерді 2018 жылмен салыстырғанда 4 728,1 мың теңгеге артқан. Себебі жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерде сатылатын мүліктер санының артуына байланысты.

### 2020 жылы

Мемлекеттік аудит жүргізу барысында 2020 жылы түсімдердің жоспары 78 558 482,0 мың теңге болса, нақты орындалғаны 81 447 807,3 мың теңге, яғни 2 889 325,3 мың теңгеге түсімдер артық немесе 103,7 пайызға орындалған.

Сонымен қатар 2019 жылдың нақты түсімдерімен салыстырғанда 2020 жылы түсімдер 130 пайызға артқан.

мың теңге

№	Көрсеткіштердің атауы	2020 жылға жоспар	2020 жылы нақты түскені	Ауытқуы	Орындалу %	2019 жылға нақты түсім	2020 жылы өсу, кему қарқыны %
	Түсімдер	78 558 482,0	81 447 807,3	2 889 325,3	103,7	62 667 855,2	130
1	Салықтық түсімдер	71 229 276,0	74 552 993,0	3 323 717,0	104,7	59 788 723,0	124,7
2	Салықтық емес түсімдер	7 282 206,0	6 814 598,3	-467 607,70	93,6	2 858 364,0	238,4
3	Негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер	47 000,0	80 216,0	33 216,00	170,7	20 768,2	386,2

Салықтық түсімдер бойынша 2021 жылы салықтық түсімдердің жоспары 71 229 276,0 мың теңге болса, нақты орындалғаны 74 552 993,0 мың теңге, яғни 3 323 717,0 мың теңгеге салықтық түсімдер артық түскен немесе 104,7 пайызға орындалған.

Түркістан облысы бойынша ҚР ҚМ МКК құзіретіне кіретін жергілікті бюджетке 2020 жылға түскен салықтық түсімдер бойынша

мың теңге

№	Аудан және қалалар	2020 жылға жоспар	нақты түсім	орындалу %	ауытқу (+,-)	2019 жылға нақты түсім	өсу қарқыны %
1	2	3	4	5	6	7	8
1	ОБЛФУ	3 005,0	3 005,8	100,0	0,8	864,8	347,6
2	Бәйдібек	1 903 075,0	1 605 790,8	84,4	-297 284,2	1 457 192,1	110,2
3	Ордабасы	3 075 032,0	3 776 780,4	122,8	701 748,4	2 335 770,2	161,7
4	Махтарал	2 627 076,0	2 723 028,4	103,7	95 952,4	2 047 890,2	133,0
5	Отырар	2 313 212,0	2 259 732,2	97,7	-53 479,8	2 215 463,8	102,0
6	Казыгурт	3 287 000,0	3 815 767,1	116,1	528 767,1	2 578 986,1	148,0
7	Төлеби	3 076 655,0	3 557 174,9	115,6	480 519,9	2 524 045,2	140,9
8	Сайрам	6 569 408,0	6 867 656,9	104,5	298 248,9	5 601 656,3	122,6
9	Сарыағаш	5 615 337,0	6 093 591,0	108,5	478 254,0	5 066 453,6	120,3
10	Созақ	11 670 116,0	11 036 187,7	94,6	-633 928,3	10 442 327,4	105,7
11	Түлкібас	3 570 610,0	3 882 961,9	108,7	312 351,9	3 766 610,3	103,1
12	Шардара	4 259 309,0	3 983 282,0	93,5	-276 027,0	3 885 582,2	102,5
13	Арыс	2 318 405,0	2 507 406,9	108,2	189 001,9	1 995 920,4	125,6
14	КЕНТАУ	4 400 061,0	4 576 765,5	104,0	176 704,5	3 295 527,5	138,9
15	Түркістан	10 446 671,0	11 381 037,1	108,9	934 366,1	7 505 202,4	151,6

16	Жетісай	3 688 299,0	3 956 499,9	107,3	268 200,9	3 011 030,4	131,4
17	Келес	2 406 007,0	2 526 323,8	105,0	120 316,8	2 058 200,1	122,7
<b>Жинағы</b>		<b>71 229 276,0</b>	<b>74 552 993,0</b>	<b>104,7</b>	<b>3 323 717,0</b>	<b>59 788 723,0</b>	<b>124,7</b>

2020 жылға салықтық түсімдер болжамының жіктемелер бойынша орындалуы төмендегі кестеде көрсетілген:

мың теңге

№	КБК	Салықтық түсімдер	2020 жылға жоспар	31.12.2020 ж қоса алғанда нақты түсім	ауытқу (+,-)	орында лу %	2019 жылға нақты түсім	өсу қарқыны %
1	101111	корпоративтік табыс салығы	4 925 338,0	5 318 252,6	392 914,6	108,0	0,0	0
2	101201	Төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы	24 060 091,0	25 701 394,5	1 641 303,5	106,8	18 187 440,1	141,3
3	101202	Төлем көзінен салық салынбайтын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы	1 030 152,0	1 349 450,8	319 298,8	131,0	1 940 997,1	69,5
4	101205	Төлем көзінен салық салынбайтын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы	342 769,0	228 315,6	-114 453,4	66,6	400 484,9	57,0
5	103101	Әлеуметтік салық	22 797 368,0	23 714 841,6	917 473,6	104,0	18 857 336,0	125,8
6	104101	Заңды тұлғалардың және жеке кәсіпкерлердің мүлкіне салынатын салық	12 669 499,0	13 021 001,2	351 502,2	102,8	12 819 598,9	101,6
7	104102	Жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салық	147 354,0	161 810,5	14 456,5	109,8	111 156,6	145,6
8	104302	Елді мекендер жерлеріне алынатын жер салығы	500 356,0	589 069,3	88 713,3	117,7	521 780,0	112,9
9	104309	Елді мекендердің жерлеріне алынатын жер салығын қоспағанда, жер салығы	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
10	104401	Заңды тұлғалардан көлік құралдарына салынатын салық	182 967,0	215 377,9	32 410,9	117,7	207 499,0	103,8
11	104402	Жеке тұлғалардан көлік құралдарына салынатын салық	2 454 248,0	2 911 044,2	456 796,2	118,6	2 619 117,4	111,1
12	104501	Бірыңғай жер салығы	48 286,0	59 040,4	10 754,4	122,3	98 045,3	60,2
13	105274	ҚР аумағ. өндір. спирттің барлық түр. ж-е (н-се) шарап материалдарға,алкогольдық өнімдерге акциздар	219 924,0	230 597,1	10 673,1	104,9	300 758,4	76,7
14	105284	ҚР аумағында өндірілген бензин (авиациялықты қоспағанда) және дизель отыны	145 020,0	153 436,5	8 416,5	105,8	154 942,1	99,0
15	105303	Жер бетіне жақын көздердегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем	65 140,0	86 739,9	21 599,9	133,2	91 669,6	94,6
16	105304	Орманды пайдаланғаны үшін төлем	38 937,0	46 445,7	7 508,7	119,3	38 980,7	119,2
17	105314	Жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлем	30 876,0	31 107,6	231,5	100,7	1 095,5	2 839,5
18	105315	Жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлем	211 033,0	279 729,8	68 696,8	132,6	226 877,5	123,3
19	105316	Қоршаған ортаға эмиссия үшін төленетін төлемақы	284 650,0	-345 133,8	-629 783,8	-121,2	2 265 640,8	-15,2
20	105402	Жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін алынатын лицензиялық алым	26 174,0	29 002,7	2 828,7	110,8	51 832,6	56,0
21	105404	Аукциондардан алынатын алым	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
22	105420	Сырт.(көрн.)жарн.ауд.маң.бар қал.,ауыл,кент,ауыл.окр .аум .арк. өт.обл.маң.бар жалп.ортақ пайд. авт. жол .бөл. белд. жарн.тұр.орн.объек.орн.үш.төл ем.қосп.,сырт.(көрн.)жарн.обл. маң. бар ЖОП вт.жол. бөл.белд. жарн.тұр.орн.об.орн.үш.төл	0,0	0,0	0,0	0,0	1,3	0,0

23	105425	Сырт.(көрн.)жарн.ауд.маң.бар ЖОП авт.жол.бөл. белд. ауд. маң. бар қал,ауыл,кент .үй-жайл.тыс ашық кең.жарн. тұр.орн.обь. ж-е ауд.тірк.көлік құр.орн.үш.төл. косп, сырт .(көрн.)жар. обл. маң. бар қал.үй-жай.тыс ашық кең.ж-е обл.маң.бар қал.тірк.көлік құр. орн.үш.төл	26 770,0	27 268,2	498,2	101,9	21 157,1	128,9
24	105429	Жергілікті бюджет. енгізілетін тіркеу алымы	217 708,0	259 445,3	41 737,3	119,2	261 088,8	99,4
25	105430	Сыртқы(көр)жарн.ауд. маң.бар қал., ауыл., кенттер, ауыл.округ. аумақ.арқылы өтетін респ., обл.және аудан.маң.бар жал ортақ пайд. авт.жолд. бөл. белд. жарн.тұр.орн.объек.және ауд. маң.бар қал, ауыл, кент, үй-жайлар . шег.тыс ашық кеңіс-е орнал.үшін төл	9 156,0	11 710,6	2 554,6	127,9	7 814,2	149,9
26	105433	Жұмыс берушілерге Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсатты бергені және (немесе) ұзартқаны үшін алым	335 867,0	40 280,4	-295 586,6	12,0	87 094,6	46,2
27	105434	Қызметтің жекелеген түрлерімен айналысуға лицензияларды пайдаланғаны үшін төлемақы	107 068,0	112 703,9	5 635,9	105,3	99 792,9	112,9
28	105502	Тіркелген салық	4 340,0	4 478,4	138,4	103,2	24 472,5	18,3
29	107110	Жергілікті бюджетке түсетін өзге де салық түсімдері	978,0	-20 090,2	-21 068,2	-2 054,2	-1 680,5	1 195,5
30	108126	Жергіл. бюджет. енгізілетін мемлекеттік бажы	347 207,0	335 672,1	-11 534,9	96,7	393 729,6	85,3
<b>Жалпы жинағы</b>			<b>71 229 276,0</b>	<b>74 552 992,5</b>	<b>3 323 716,5</b>	<b>104,7</b>	<b>59 788 723,0</b>	<b>124,7</b>

Салықтық түсімдер бойынша жоспар көрсеткіштерінің асыра орындалуы келесі 6 салықтар бойынша қалыптасқан, оның ішінде:

- 101111 «Ірі кәсіпкерлік субъектілерінен және мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, заңды тұлғалардан алынатын корпоративтік табыс салығы» бойынша жоспар 4 925 338,0 мың теңге болса, нақты орындалғаны 5 318 253,6 мың теңге,яғни жоспар 392 914,6 мың теңгеге асыра орындалған. Жоспардың артық орындалуының негізгі себебі, камералды бақылау нәтижесінде анықталған бұзушылықтар бойынша жолданған хабарламаларға негізінде табыс еткен қосымша декларация нәтижесімен, бірқатар мекемелерден ақша өндіріп алынған.

- 101201 «Төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы» бойынша жоспар 24 060 091,0 мың теңге болса, нақты орындалғаны 25 701 394,5 мың теңге, яғни жоспар 1 641 303,5 мың теңгеге асыра орындалған. Жоспардың асыра орындалуының негізгі себебі, мемлекеттік қызметкерлер мен азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысы жоғарылауынан артқан. Сондай-ақ, кәсіпорындардың 2020 жылы өндіріс көлемі едәуір ұлғаюына байланысты, төлем артқан. Мысалы, «VI Construction Turkestan» ЖШС-і 57 800,0 мың теңге, «Onlybet» ЖШС-гі 96 700,0 мың теңге көлемінде төлем жасаған.

- 103101 «Әлеуметтік салық» бойынша жоспар 22 797 368,0 мың теңге болса, нақты орындалғаны 23 714 841,6 мың теңге, яғни жоспар 917 473,6 мың теңгеге асыра орындалған. Жоспардың асыра орындалуының негізгі себебі, мемлекеттік қызметкерлер мен азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысы 25 пайызға жоғарылауынан артқан. Сондай-ақ, кәсіпорындардың 2020 жылы өндіріс көлемі артуына байланысты, төлем артты «VI Construction Turkestan» ЖШС-і 46 400,0 мың теңге, «Onlybet» ЖШС-і 12 500,0 мың теңге көлемінде төлем жасаған.

- 105303 «Жер бетіне жақын көздердегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем» бойынша жоспар 65 140,0 мың теңге болса, нақты орындалғаны 86 739,9 мың теңге, яғни жоспар 21 599,9 мың теңгеге асыра орындалған. Есепті жылы 4843 төлеушіден түсім түскен, яғни төлем жасаған төлеушілер саны өткен жылмен салыстырғанда 7-ге көбейген. Сонымен қатар, «Казводхоз» РМК-нан 3 400,0 мың теңге көлемінде ірі төлем түскен.

- 105304 «Орманды пайдаланғаны үшін төлем» бойынша жоспар 38 937,0 мың теңге болса, нақты орындалғаны 46 445,7 мың теңге, яғни жоспар 7 508,7 мың теңгеге асыра орындалған. Орманды жанама түрде пайдалану, яғни пішен шабу, мал жаю, жабайы өсетін жемістерді, жаңғақтарды, саңырау құлақтарды жинау, ара ұялары мен омарталарды орналастыру, арқылы пайдаланушылардың, яғни төлеушілердің саны арту. Ірі түсім келесі төлеушілерден түскен. Атап айтқанда «Қазақстан-Франция біріккен кәсіпорны «Катко» ЖШС-гі 2 072,0 мың теңге, Косымбаев Бекболат 193,1 мың теңге, «Арман-2006» ЖШС-гі 188,4 мың теңге, Аяпов Бахыт - 151,4 мың теңге.

- 105314 «Жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлем» бойынша жоспар 30 876,0 мың теңге болса, нақты орындалғаны 31 107,5 мың теңге, яғни жоспар 231,5 мың теңгеге асыра орындалған. Жоспардың асыра орындалуының негізгі себебі, «Құрылысшы» ЖШС-нің 11 000,0 мың теңге өткен жылдардағы берешегін қайтару есебінен орын алған.

Салықтық түсімдердің жоспардың кем орындалуы 3 салықтар бойынша қалыптасқан, оның ішінде:

- 101205 «Төлем көзінен салық салынбайтын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы» бойынша жоспар 342 769,0 мың теңге болса, нақты орындалғаны 228 315,6 мың теңге, яғни жоспар 114 453,4 мың теңгеге кем орындалған. Жоспардың орындалмауының себебі, 2020 жылы пандемиялық жағдайға және резидент емес тұлғалардың, яғни келіп жұмыс істейтін шетел азаматтарының саны азайған. Бұл өз кезегінде, осы салық бойынша түсімнің біршама азаюына әкеп соққан.

- 105316 «Қоршаған ортаны эмиссия үшін төленетін төлемақы» бойынша жоспар 284 650,0 мың теңге болса, 629 783,8 мың теңгеге кем орындалған. Себебі 2019 жылы салық төлеушілер тарапынан 2 265 641,0 мың теңге сомалары артық қате төленгендіктен сомаларды бюджеттен қайтару есебінен орын алған.

- 105433 «Жұмыс берушілерге Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсатты бергені және (немесе) ұзартқаны үшін алым» бойынша жоспар 335 867,0 мың теңге болса, нақты орындалғаны 40 280,4 мың теңге, яғни жоспар 295 586,6 мың теңгеге орындалмаған. Бұл салық бойынша түсім шетелдік жұмыс күшін тартуға берілген рұқсат санына азаюына және рұқсатты бергені немесе ұзартқаны үшін алым азайып отыр. Оның басты себебі 2020 жылы пандемия болуына байланысты жұмыс істейтін шетел азаматтарының саны азайған.

***Жоспар бойынша көрсеткіштердің елеулі мөлшерде асыра орындалу немесе орындалмау облыстық бюджеттің кіріс бөлігін жоспарлау және мониторинг жүргізу сапасын одан әрі жетілдіруді қажет ететіндігін көрсетеді.***

*Бюджетке түсетін салықтық түсімдердің өткен жылмен салыстырғандағы қарқынын, кем түсуі немесе арту себептерін талдау.*

Өткен жылмен салыстырғанда 5 салық түрлері бойынша түсімдері өскен. Атап айтқанда 101 111 «Ірі кәсіпкерлік субъектілерінен және мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, заңды тұлғалардан алынатын корпоративтік табыс салығы» бойынша 5 318 252,6 мың теңгеге артқан. Яғни, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 11 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №1370 санды бұйрығына сәйкес, бұл салық жергілікті бюджетке 2020 жылдық 1 қаңтарынан бастап түскен.

-101201 «Төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы» бойынша 7 513 954,5 мың теңгеге артқан. 2019 жылы табыс салықтың облыстық бюджет пен аудан (қала) бюджеттері арасында бөлу нормативі орта есеппен 38,3 пайыз болса, 2020 жылы 52,9 пайыз болып қалыптасқан. Сонымен қатар, мемлекеттік қызметкерлер мен азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысы 25 пайызға жоғарылауынан артқан.

-103101 «Әлеуметтік салық» бойынша 4 857 505,6 мың теңгеге артқан. Жоспардың асыра орындалуының негізгі себебі, мемлекеттік қызметкерлер мен азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысы 25 пайызға жоғарылауынан артқан.

- 105304 «Орманды пайдаланғаны үшін төлем» бойынша 2019 жылмен салыстырғанда 7 465,0 мың теңгеге артқан. Себебі, орманды жанама түрде пайдалану, яғни пішен шабу, мал жаю, жабайы өсетін жемістерді, жаңғақтарды, саңырауқұлақтарды жинау, ара ұялары мен омарталарды орналастыру, арқылы пайдаланушылардың, яғни төлеушілердің саны арту. Ірі түсім келесі төлеушілерден түсті. Мысалы «Қазақстан-Франция біріккен кәсіпорны «Катко» ЖШС - 2 072,0 мың теңге, Косымбаев Бекболат - 193,1 мың теңге, «Арман-2006» ЖШС - 188,4 мың теңге; Аяпов Бахыт - 151,4 мың теңге, және т.б.



- 105314 «Жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлем» бойынша алдыңғы жылмен салыстырғанда 30 012,0 мың теңгеге артқан. 2019 жылмен салыстырғанда жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлем жасаушылардың саны артқан.

Сонымен қатар, өткен жылмен салыстырғанда 5 салық түрлері бойынша түсімдері кеміген.

- Өткен жылмен салыстырғанда 101205 «Төлем көзінен салық салынбайтын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы» бойынша 172 169,3 мың теңгеге кеміген. Себебі, 2020 жылы пандемиялық жағдайға және резидент емес тұлғалардың, яғни келіп жұмыс істейтін шетел азаматтарының саны азайған.

- 101205 «Төлем көзінен салық салынбайтын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы» бойынша 2019 жылмен салыстырғанда 172 169,3 мың теңгеге кеміген. Себебі, 2020 жылы пандемиялық жағдайға және резидент емес тұлғалардың, яғни келіп жұмыс істейтін шетел азаматтарының саны азайған. Бұл өз кезегінде, осы салық бойынша түсімнің біршама азаюына әкеп соққан.

- 105303 «Жер бетіне жақын көздердегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем» 2019 жылмен салыстырғанда 4 929,7 мың теңгеге кем түскен. Себебі, «Таукент-Энергосервис» ЖШС-сі 2019 жылы 2 691,0 мың теңге төлем жасаған, ал 2020 жылы төлем болмаған. Сондай-ақ, «Водные ресурсы-Маркетинг» ЖШС-нен 2019 жылы 3 800,0 мың теңге түсім түскен, ал 2020 жылы 900,0 мың теңге түскен.

- 105433 «Жұмыс берушілерге Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсатты бергені және (немесе) ұзартқаны үшін алым» 46 814,2 мың теңгеге кеміген. Бұл салық бойынша түсім шетелдік жұмыс күшін тартуға берілген рұқсат санына байланысты, сәйкесінше рұқсатты бергені немесе ұзартқаны үшін алым азайып отыр. Оның басты себебі 2020 жылы пандемия болуына байланысты жұмыс істейтін шетел азаматтарының саны азайған.

*Бюджетке түсетін салықтық емес түсімдердің жоспарының орындалуының толықтығы мен уақтылығын, жете орындалмау немесе асыра орындалу себептерін талдау.*

2020 жылы облыстық бюджетке түсетін салықтық емес түсімдер жоспары 7 282 206,0 мың теңге болса, нақты орындалғаны 6 814 598,3 мың теңге, яғни 467607,7 мың теңге кем немесе 93,6 пайызға орындалған.

Салықтық емес түсімдер жоспар бойынша орындалмаудың басым бөлігі келесі түсімдер бойынша қалыптасқан, оның ішінде (*барлығы 3 түсім бойынша орындалмаған*):

- 204105 «Облыстық бюджеттен қаржыландыратын мемлекеттік мекемелер салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар» бойынша жоспар 78 000,0 мың теңге болса нақты орындалғаны 32 077,8 мың теңге түскен немесе жоспар 41% орындалған. Облыстық еңбек инспекциясы, мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы, жер

инспекциясы басқармасы және өзге де жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер тарапынан салынған айыппұлдардың азаюынан жоспар орындалмаған.

-206114 «Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен оның инфрақұрылымын дамытуға жер қойнауын пайдаланушылардың аударымдары» бойынша жоспар 1 848 189,0 мың теңге болса, нақты орындалғаны 1 311 477,5 мың теңге, яғни жоспар 536 711,5 мың теңге немесе жоспар 71,0 пайызға орындалған. Жоспар жер қойнауын пайдаланушылардың азаюынан кем орындалған.

Сонымен қатар, жоспарды асыра орындау негізінен келесі түсімдер бойынша қалыптасқан (*барлығы 6 түсім бойынша асыра орындалған*):

-201302 «Коммуналдық меншіктегі акциялардың мемлекеттік пакетіне берілетін дивидендтер» бойынша жоспар 315 302,0 мың теңге болса, нақты орындалғаны 317 963,0 мың теңге, яғни жоспар 2 661,0 мың теңгеге асыра орындалған. Жоспардың асыра орындалуының себебі, 2020 жылы негізгі төлеуші «Оңтүстік» аймақтық инвестициялық орталығы» ЖШС-нен 291 333,5 мың теңге ірі төлем жасаған.

-204106 «Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың ішкі істер департаменттері, олардың аумақтық бөлімшелері салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар» бойынша жоспар 4 200 000,0 мың теңге болса, нақты орындалғаны 4 308 693,4 мың теңге, яғни жоспар 108 693,4 мың теңгеге асыра орындалған. Полиция департаменті және оның бөлімдері салған әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар бойынша көп өндірілуіне байланысты түскен түсім.

*Бюджетке түсетін салықтық емес түсімдердің өткен жылмен салыстырғандағы қарқынын, кем түсуі немесе арту себептерін талдау.*

2020 жылғы салықтық емес түсімдерді 2019 жылмен салыстырғанда жалпы 4 115 036,4 мың теңгеге артқан.

Өткен жылмен салыстырғанда салықтық емес түсімдер бойынша артқан, оның ішінде:

- 201302 «Коммуналдық меншіктегі акциялардың мемлекеттік пакетіне берілетін дивидендтер» бойынша 195 396,0 мың теңгеге артқан. Өткен жылмен салыстырғанда түсімнің артуының басты себебі, 2020 жылы негізгі төлеуші «Оңтүстік» аймақтық инвестициялық орталығы» ЖШС-нен 291 333,7 мың теңге ірі төлем жасаған (*2019 жылы осы серіктестіктен 80 000,0 мың теңге түскен*).

- 201703 «Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарына облыстық бюджеттен берілген бюджеттік кредиттер бойынша сыйақылар» бойынша 340 625,1 мың теңгеге артқан. Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарына облыстық бюджеттен берілген бюджеттік кредиттер бойынша сыйақылардың толық қайтарылуы есебінен.

- 204106 «Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың ішкі істер департаменттері, олардың

аумақтық бөлімшелері салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар» бойынша 3 108 774,3 мың теңгеге артқан. Полиция департаменті мен оның бөлімдері салған әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар өткен жылмен салыстырғанда көп әрі нақты өндірілуіне байланысты түсім артқан.

- 206109 «Жергілікті бюджетке түсетін салықтық емес басқа да түсімдер» бойынша 470 241,0 мың теңгеге артқан. Есепті жылы субсидиялау бойынша бюджетке пайдаланылмаған 417 618,7 мың теңге қаржы қайтарылған: «Даму» кәсіпкерлік қоры АҚ - 335 000,0 мың теңге, «Ауыл шаруашылығын қолдау қоры» АҚ - 82 016,2 мың теңге, «Сарыағаш несие» ЖШС-і - 602,5 мың теңге.

Сонымен қатар, 2020 жылғы салықтық емес түсімдерді 2019 жылмен салыстырғанда жалпы 142 738,3 мың теңгеге түсімдер кеміген, оның ішінде

- 201102 «Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігінің түсімдері» бойынша 30 664,0 мың теңгеге кеміген. Себебі, 2019 жылы есепті жылмен салыстырғанда мемлекеттік кәсіпорындардың табысының жоғары болуынан. Атап айтқанда, «Түркістан қалалық емханасы» МКК-да 2018 жылдың қорытындысы бойынша табысы 8813,0 мың теңге болса 2019 жылдың қорытындысы бойынша 977,0 мың теңге болған, «Кентау қалалық орталық ауруханасы» МКК-да 2018 жылы - 3210,0 мың теңге болса 2019 жылы - 717,0 мың теңге, «Жетісай медициналық колледжі» МКК-да 2018 жылы - 12159,2 мың теңге болса, 2019 жылы - 5961,3 мың теңге, «Түркістан қалалық балалар ауруханасы» МКК-да 2018 жылы - 3870,5 мың теңге болса, 2019 жылы - 614,0 мың теңге, «Түркістан қалалық орталық аурухана» МКК-да 2018 жылы 8553,4 мың теңге болса 2019 жылы - 203,6 мың теңге, «Облыстық жедел жәрдем станциясы» МКК-да 2018 жылы - 2710,2 мың теңге болса 2019 жылы - 135,5 мың теңге, «Сайрам аудандық орталық аурухана» МКК-да 2018 жылы - 171364,0 мың теңге болса 2019 жылы - 6376,8 мың теңге, «Сарыағаш аудандық орталық аурухана» МКК-да 2018 жылы - 193759,8 мың теңге болса, 2019 жылы - 10166,3 мың теңге болған. Сонымен қатар, Түркістан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 5 наурыздағы №53 санды қаулысына сәйкес, «Түркістан облысы жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының «Оңтүстік жолдары» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорны үшін 2019-2021 жылдарға таза кірісінің бір бөлігін аудару және бөлу нормативі 10 пайыз мөлшерінде болып бекітілген.

- 201504 «Облыстың коммуналдық меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер» бойынша 32 064,3 мың теңгеге кеміген. Себебі, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 17 наурыздағы №212 санды бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру қағидаларының 53-1 тармағына сәйкес жылжымайтын мүлік объектісін мүліктік жалдағаны (жалға алғаны) үшін жалдау ақысы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері үшін 2020 жылғы 20 маусымнан бастап 31 желтоқсанды қоса алғандығы кезеңде есептелмеген.

- 204105 «Облыстық бюджеттен қаржыландыратын мемлекеттік мекемелер салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп

алулар» бойынша 45 802,9 мың теңгеге кеміген. Облыстық еңбек инспекциясы, мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы, жер инспекциясы басқармасы және өзге де жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер тарапынан салынған айыппұлдардың өткен жылдармен салыстырғанда азаюынан кеміген.

- 206114 «Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен оның инфрақұрылымын дамытуға жер қойнауын пайдаланушылардың аударымдары» бойынша 34 207,1 мың теңгеге кеміген. 2019 жылы келесі негізгі төлеушілерден түсім артқан: «Добывающее предприятие «ОРТАЛЫҚ» ЖШС-нен 62 148,0 мың теңге, «АсылТас-Альянс» ЖШС-нен 8 776,5 мың теңге, «Байтерек-2030 Кз» ЖШС-нен 9 563,1 мың теңге, «Сайрам Транс-Оңтүстік» ЖШС-ен 4 334,5 мың теңге, «КАЗФОСФАТ» ЖШС-нен 36 148,0 мың теңге, «Совместное предприятие «Будёновское» ЖШС-нен 44 548,0 мың теңге. Сонымен қатар, есепті жылы жер қойнауын пайдаланушылардың саны азайған.

*Бюджеттің кіріс бөлігінің жоспарын қалыптастыру кезінде өткен жылдардағы төлемдердің түсімінің өсу қарқыны мен серпіні, нақты салықтық база толық ескеріле бермейді.*

*Бұл өз кезегінде, бюджеттің кіріс бөлігінің жоспарлау сапасын одан әрі жетілдіруді қажет етеді.*

Жоспарды асыра орындалуын немесе толық орындалмауын, жыл көлемінде нақтылауларды болдырмау немесе азайту мақсатында түсімдердің мониторингін тұрақты негізде жүргізу қажет деп есептейміз.

***Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдердің жоспарының орындалуының толықтығы мен уақтылығын, жете орындалмау немесе асыра орындалу себептерін талдау.***

2020 жылы негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер жоспары 47 000,0 мың болса, нақты орындалған 80 216,0 мың теңге, яғни жоспар 33 216,0 мың теңге немесе 170,7 пайызға орындалған.

Бұл түсім 301102 «Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге бекітілген мүлікті сатудан түсетін түсімдер» коды бойынша түскен. Жоспарланған жекешелендіру нысандарының саны артуына және коммуналдық мүлікті жекешелендіру «Gosreestr.kz» веб-порталы арқылы аукцион түрінде жүзеге асырылуына байланысты жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге бекітілген мүлікті сатудан түсетін түсімдер артқан.

***Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдердің өткен жылмен салыстырғандағы қарқынын, кем түсуі немесе арту себептерін талдау.***

2020 жылы негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер 2019 жылмен салыстырғанда 59 447,8 мың теңгеге артқан. Себебі жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерде сатылатын мүліктер санының артуына және коммуналдық мүлікті жекешелендіру «Gosreestr.kz» веб-порталы арқылы аукцион түрінде жүзеге асырылуына байланысты.

#### ***2021 жыл***

Мемлекеттік аудит жүргізу барысында 2021 жылы түсімдердің жоспары 103 128 621,0 мың теңге болса, нақты орындалғаны 105 777 889,4 мың теңге.

яғни жосапр 2 649 268,4 мың теңгеге артық немесе 102,6 пайызға орындалған.

Сонымен қатар 2020 жылдың нақты түсімдерімен салыстырғанда 2021 жылы түсімдер 130 пайызға артқан.

мың теңге

№	Көрсеткіштердің атауы	2021 жылға жоспар	2021 жылы нақты түскені	Ауытқуы	Орындалу %	2020 жылға нақты түсім	2021 жылы өсу, кему қарқыны %
	Түсімдер	103 128 621,0	105 777 889,4	2 649 268,4	102,6	81 447 806,6	130
1	Салықтық түсімдер	92 564 539,0	94 732 390,2	2 167 851,2	102,3	74 552 992,3	127,1
2	Салықтық емес түсімдер	10 348 407,0	10 822 285,8	473 878,80	104,6	6 814 598,3	158,8
3	Негізгі капиталды сатудан түскен үсімдер	215 675,0	223 213,4	7 538,40	103,5	80 216,0	278,3

Салықтық түсімдер бойынша 2021 жылға салықтық түсімдердің жоспары 92 564 539,0 мың теңге болса, нақты орындалғаны 94 732 390,2 мың теңге, яғни жоспар 1 525 648,0 мың теңгеге салықтық түсімдер артық немесе 101,6 пайызға орындалған.

Түркістан облысы бойынша ҚР ҚМ МКК құзіретіне кіретін жергілікті бюджетке 2021 жылға түскен салықтық түсімдер.

мың теңге

№	Аудан және қалалар	2021 жылға жоспар	нақты түсім	орындалу %	ауытқу (+,-)	2020 жылға нақты түсім	өсу қарқыны %
1	2	3	4	5	6	7	8
1	ОБЛФУ	561,0	1 678,3	299,2	1 117,0	3 005,8	55,8
2	Бәйдібек	2 144 851,0	2 190 354,5	102,1	45 504,0	1 605 790,8	136,4
3	Ордабасы	5 215 848,0	5 398 506,4	103,5	182 658,0	3 776 780,4	142,9
4	Махтарал	3 224 664,0	3 271 024,3	101,4	46 360,0	2 723 028,4	120,1
5	Отырар	2 539 075,0	2 748 492,4	108,2	209 417,0	2 259 732,2	121,6
6	Казыгурт	4 608 993,0	4 257 862,2	92,4	-351 131,0	3 815 767,1	111,6
7	Төлеби	3 802 643,0	3 892 525,2	102,4	89 882,0	3 557 174,9	109,4
8	Сайрам	8 483 070,0	8 966 421,2	105,7	483 351,0	6 867 656,9	130,6
9	Сарыағаш	7 152 251,0	7 330 073,1	102,5	177 822,0	6 093 591,0	120,3
10	Созақ	10 960 398,0	11 055 785,9	100,9	95 388,0	11 036 187,7	100,2
11	Түлкібас	4 689 523,0	4 738 653,1	101,0	49 130,0	3 882 961,9	122,0
12	Шардара	4 515 331,0	4 530 520,8	100,3	15 190,0	3 983 282,0	113,7
13	Арыс	3 191 677,0	3 278 449,6	102,7	86 773,0	2 507 406,9	130,8
14	Кентау	3 968 464,0	4 389 905,8	97,9	-94 617,0	4 576 765,5	95,9
15	Түркістан	19 634 878,0	19 793 918,6	100,8	159 041,0	11 381 037,1	173,9
16	Жетісай	4 699 426,0	4 938 135,5	105,1	238 710,0	3 956 499,9	124,8
17	Келес	3 216 827,0	3 307 880,3	102,8	91 053,0	2 526 323,8	130,9
18	Сауран	516 059,0	642 203,0				
	жиыны	92 564 539,0	94 732 390,2	101,6	1 525 648,0	74 552 992,3	126,2

2021 жылға салықтық түсімдер болжамының жіктемелер бойынша орындалуы төмендегі кестеде көрсетілген:

мың теңге

№	КБК	Салықтық түсімдер	2021 жылға жоспар	31.12.2021 ж қоса алғанда нақты түсім	ауытқу (+,-)	орындалу %	2020 жылға нақты түсім	өсу қарқыны %
1	101111	Корпоративтік табыс салығы	10 605 163,0	10 937 188,1	332 025,1	103,1	5 318 252,6	205,7
2	101201	Төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы	32 356 367,0	33 558 074,7	1 201 707,7	103,7	25 701 394,5	130,6
3	101202	Төлем көзінен салық салынбайтын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы	745 526,0	877 465,4	131 939,4	117,7	1 349 450,8	65,0
4	101205	Төлем көзінен салық салынбайтын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы	253 823,0	384 016,7	130 193,7	151,3	228 315,6	168,2
5	103101	Әлеуметтік салық	29 069 898,0	29 396 353,7	326 455,7	101,1	23 714 841,6	124,0
6	104101	Заңды тұлғалардың және жеке кәсіпкерлердің мүлкіне салынатын салық	12 959 099,0	12 377 364,3	-581 734,7	95,5	13 021 001,2	95,1
7	104102	Жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салық	273 221,0	292 905,5	19 684,5	107,2	161 810,5	181,0
8	104302	Елді мекендер жерлеріне алынатын жер салығы	335 084,0	385 900,1	50 816,1	115,2	589 069,3	65,5
9	104309	Елді мекендердің жерлеріне алынатын жер салығын қоспағанда, жер салығы	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
10	104401	Заңды тұлғалардан көлік құралдарына салынатын салық	210 479,0	233 007,4	22 528,4	110,7	215 377,9	108,2
11	104402	Жеке тұлғалардан көлік құралдарына салынатын салық	3 180 077,0	3 467 950,3	287 873,3	109,1	2 911 044,2	119,1
12	104501	Бірыңғай жер салығы	32 253,0	37 172,7	4 919,7	115,3	59 040,4	63,0
13	105274	ҚР аумағ. өндіріс. спирттің барлық түр. және (н-се) шарап материалдарға, алкогольдік өнімдерге акциздар	113 905,0	128 995,5	15 090,5	113,2	230 597,1	55,9
14	105284	ҚР аумағында өндірілген бензин (авиациялықты қоспағанда) және дизель отыны	211 231,0	222 580,7	11 349,7	105,4	153 436,5	145,1
15	105303	Жер бетіне жақын көздердегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем	104 194,0	90 773,4	-13 420,6	87,1	86 739,9	104,7
16	105304	Орманды пайдаланғаны үшін төлем	44 307,0	126 952,4	82 645,4	286,5	46 445,7	273,3
17	105314	Жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлем	18 245,0	-28 098,6	-46 343,6	-154,0	31 107,6	-90,3
18	105315	Жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлем	233 685,0	260 325,8	26 640,8	111,4	279 729,8	93,1
19	105316	Қоршаған ортаға эмиссия үшін төленетін төлемақы	879 026,0	938 517,2	59 491,2	106,8	-345 133,8	-271,9
20	105402	Жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін алынатын лицензиялық алым	62 998,0	68 289,5	5 291,5	108,4	29 002,7	235,5
21	105404	Аукциондардан алынатын алым	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
22	105420	Сырт. (көрн.) жарн. ауд. м аң. бар	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0

		қал., ауыл, кент, ауыл. окр. аум. арқ. өт. обл. маң. б ар жалп. ортақ пайд. авт. жол. бөл. белд. жарн. тұр. орн. объек. орн. үшін төлем. қосп. сырт. көрн. жарн. обл. маң. бар ЖОП авт. жол. бөл. белд. жарн. тұр. орн. об. орн. үшін төл						
23	105425	Сырт. (көрн.) жарн. ауд. ма аң. бар ЖОП авт. жол. бөл. белд. ауд. ма аң. бар қал., ауыл, кент. үй-жайл. тыс ашық кең. жарн. тұр. орн. обь. ж-е ауд. тірк. көлік құр. орн. үш. төл. қосп. сыр т. (көрн.) жар. обл. маң. бар қал. үй-жай. тыс ашық кең. ж-е обл. маң. бар қал. тірк. көлік құр. орн. үш. төл	27 736,0	30 424,7	2 688,7	109,7	27 268,2	111,6
24	105429	Жергілікті бюджет. енгізілетін тіркеу алымы	162 648,0	186 862,0	24 214,0	114,9	259 445,3	72,0
25	105430	Сыртқы (көр) жарн. ауд. маң. бар қал., ауыл., кенттер, ауыл. округ. аумақ. арқылы өтетін респ., обл. және аудан. маң. бар жал ортақ пайд. авт. жолд. бөл. белд. жарн. тұр. орн. объек. жән е ауд. маң. бар қал., ауыл., кент. үй-жайлар лшег. тыс ашық кеңіс-е орнал. үшін төл	15 008,0	18 469,2	3 461,2	123,1	11 710,6	157,7
26	105433	Жұмыс берушілерге Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсатты бергені және (немесе) ұзартқаны үшін алым	37 275,0	43 825,0	6 550,0	117,6	40 280,4	108,8
27	105434	Қызметтің жекелеген түрлерімен айналысуға лицензияларды пайдаланғаны үшін төлемақы	111 818,0	119 626,5	7 808,5	107,0	112 703,9	106,1
28	105502	Тіркелген салық	0,0	-68,1	-68,1	0,0	4 478,4	-1,5
29	107110	Жергілікті бюджетке түсетін өзге де салық түсімдері	951,0	676,6	-274,4	71,1	-20 090,2	-3,4
30	108126	Жергіл. бюджет. енгізілетін мемлекеттік бажы	520 522,0	576 839,7	56 317,7	110,8	335 672,1	171,8
<b>Жинағы</b>			<b>92 564 539,0</b>	<b>94 732 390,4</b>	<b>2 167 851,4</b>	<b>102,3</b>	<b>74 552 992,5</b>	<b>127,1</b>

*Жергілікті бюджетке түсетін түсімдер болжамының өткен жылмен салыстырғандағы қарқынын, кем түсуі немесе арту себептерін талдау.*

2021 жылғы түсімдерді алдыңғы жылмен (2020 жыл) салыстырғанда 309 233 463,7 мың теңгеге немесе 36,6 пайызға ұлғайған. Бұл салықтық түсімдердің 9 989 838,9 мың теңгеге немесе 39,1 пайызға ұлғайуы (жеке табыс және әлеуметтік салықтардың артуына байланысты), салықтық емес түсімдердің 4 007 687,5 мың теңгеге немесе 1,6 есе (Коммуналдық меншіктегі акциялардың мемлекеттік пакетіне берілетін дивидендтердің, Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарына облыстық бюджеттен берілген бюджеттік кредиттер бойынша сыйақылардың және жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың ішкі істер департаменттері, олардың аумақтық бөлімшелері салатын әкімшілік

айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулардың артуына байланысты), негізгі капиталды сатудан түскен түсімдердің 142 997,4 мың теңгеге немесе 2,8 есеге артуы есебінен болды.

*Бюджетке түсетін салықтық түсімдер жоспарының орындалуының толықтығы мен уақытылығын, жете орындалмау немесе асыра орындалу себептерін талдау*

Есепті жылы жергілікті бюджеттің салықтық түсімдерінің жоспары 92 564 539,0 мың теңге болса, нақты орындалғаны 94 732 390,0 мың теңге, яғни жоспар 2 167 851,0 мың теңгеге артық немесе 102,3 пайызға орындалған.

Салықтық түсімдер бойынша болжамдық көрсеткіштерінің асыра орындалуы келесі 7 салықтар бойынша қалыптасқан, оның ішінде:

- 101111 «Ірі кәсіпкерлік субъектілерінен және мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, заңды тұлғалардан алынатын корпоративтік табыс салығы» бойынша жоспар 10 605 163,0 мың теңге болса, нақты орындалғаны 10 937 188,0 мың теңге, яғни жоспар 332 025,0 мың теңгеге асыра орындалған. Жоспардың асыра орындалуы, камералды бақылау нәтижесінде анықталған бұзушылықтар бойынша жолданған хабарламаларға сәйкес, бірқатар салықтөлеушілерден төлем өндірілді. Ірі түсім келесі төлеушілерден: «Технологиялық көмек құрылыс» ЖШС-і 24 375,0 мың теңге, Корпорация «Береке А» ЖШС - 34907,3 мың теңге, «АРТ Құрылыс» ЖШС – 69 057,2 мың теңге, т.б.

- 101201 «Төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы» бойынша жоспар 32 356 367,0 мың теңге болса, нақты орындалғаны 33 558 075,0 мың теңге, яғни жоспар 1 201 708,0 мың теңгеге асыра орындалған. Жоспардың асыра орындалуының басты себебі, мемлекеттік қызметкерлер мен азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысы жоғарылауынан артты. Келесі төлеушілерден түсім артты: «Облыстық клиникалық ауруханасы» ШЖҚ МКК 273 700,0 мың теңге, «Облыстық жедел мед. жәрдем станциясы» ШЖҚ МКК 312 700,0 мың теңге, «№1 Облыстық перинаталдық орталығы» ШЖҚ МКК 151 800,0 мың теңге, ХҚТУ 339 900,0 мың теңге, «№2 Облыстық перинаталдық орталығы» ШЖҚ МКК 149,200,0 мың теңге.

- 101205 «Төлем көзінен салық салынбайтын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы» бойынша жоспар 151,3 пайызға немесе 130 194,0 мың теңгеге асыра орындалды (*жоспар – 253 823,0 мың теңге, нақты – 384 017,0 мың теңге*). Жоспардың асыра орындалуының себебі, резидент емес тұлғалардың, яғни келіп жұмыс істейтін шетел азаматтарының саны артуынан орын алды.

- 103101 «Әлеуметтік салық» бойынша жоспар 29 069 898,0 мың теңге болса, нақты орындалғаны 29 396 354,0 мың теңге, яғни жоспар 326 456,0 мың теңгеге асыра орындалған. Мемлекеттік қызметкерлер мен азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысы пайызға жоғарылауынан кіріс жоспары асыра



орындалды. Сондай-ақ, келесі салықтөлеушілерінен төлем артты. Мысалы «Облыстық клиникалық ауруханасы» ШЖҚ МКК 250 000,0 мың теңге, «Облыстық жедел мед. жәрдем станциясы» ШЖҚ МКК - 277 700,0 мың теңге, «Облыстық балалар ауруханасы» ШЖҚ МКК - 60 200,0 мың теңге, «№1 Облыстық перинаталдық орталығы» ШЖҚ МКК - 121 800,0 мың теңге, «№2 Облыстық перинаталдық орталығы» ШЖҚ МКК - 70 000,0 мың теңге, «Каратас Майнинг» ЖШС -нің 46 100,0 мың теңге, «Би & Эй Контракторс СА компаниясының Астаналық филиалы - 222 100,0 мың теңге, ХҚТУ - 301 700,0 мың теңге.

- 105304 «Орманды пайдаланғаны үшін төлем» бойынша жоспар 44 307,0 мың теңге болса, нақты орындалғаны 126 952,4 мың теңге, яғни жоспар 82 645,4 мың теңгеге асыра орындалған. Жоспардың артық орындалуы ағаштарды пайдалану, сондай-ақ, орманды жанама түрде пайдалану, яғни пішен жабу, мал жаю, жабайы өсетін жемістерді, жаңғақтарды, саңырауқұлақтарды, ара ұялары мен омарталарды орналастыру арқылы пайдаланудың жүргізілуінен орын алған.

- 105316 «Қоршаған ортаны эмиссия үшін төленетін төлемақы» бойынша жоспар 879 026,0 мың теңге болса, нақты орындалғаны 938 517,0 мың теңге, яғни жоспар 59 491,0 мың теңгеге артық орындалған.

Келесі төлеушілерден түсім артқан. «Түркістан жарық-тазалық» ЖШС-гінен 9 000,0 мың теңге, «Түркістан қалалық емханасы» ШЖҚ МКК - 19 000,0 мың теңге, «SEMBOL TURKISTAN» ЖШС-гінен 4 600,0 мың теңге, «А.Р.Т.Құрылыс» ЖШС-гінен 4 600,0 мың теңге, т.б.

- 105433 «Жұмыс берушілерге Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсатты бергені және (немесе) ұзартқаны үшін алым» бойынша жоспар 37 275,0 мың теңге болса, нақты орындалғаны 43 825,04 мың теңге, яғни жоспар 6 550,0 мың теңгеге асыра орындалған. Шет елден келіп жұмыс істейтін тұлғалардың саны артуына байланысты.

Салықтық түсімдер бойынша болжамдық көрсеткіштерінің кем орындалуы келесі 2 салықтар бойынша қалыптасқан, оның ішінде:

- 105303 «Жер бетіне жақын көздердегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем» бойынша жоспар 104 194,0 мың теңге болса, нақты орындалғаны 90 773,4 мың теңге, яғни жоспар 13 420,6 мың теңгеге кем орындалған. Жоспардың орындалмауының себебі, жер бетіне жақын көздердегі пайдаланған су көлемінің төмендеуіне байланысты орын алған.

- 105314 «Жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлем» бойынша жоспар 18 245,0 мың теңге болса, -28 098,6 мың теңгеге жоспар орындалмаған. Қате түскен қаржының қайтарылуы есебінен жоспар орындалмаған.

- *Бюджетке түсетін салықтық түсімдердің өткен жылмен салыстырғандағы қарқынын, кем түсуі немесе арту себептерін талдау*

2021 жылы салықтық түсімдер орындалуы 94 732 390,0 мың теңгені құраған немесе 2020 жылмен салыстырғанда 20 179 398,0 мың теңгеге немесе 27,1 пайызға өскен.

**Бюджетке түскен салық түсімдердің серпіні**

(мың теңге)

№ р/с	Салықтар мен түсімдердің атауы	2020 жылғы орындалуы	2021 жылғы түзетілген бюджет	2021 жылғы орындалуы	Өсу (төмендеу) % 2021/2020	2021ж. /2020ж. Ауытқуы
1	2	3	4	5	6	7
	Салықтық түсімдер	74 552 993	92 564 539	94 732 390	27,1	20 179 398
1	Ірі кәсіпкерлік субъектілерінен және мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, заңды тұлғалардан алынатын корпоративтік табыс салығы	5 318 253,0	10 605 163	10 937 188	105,7	5 618 936
2	Төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы	25 701 395	32 356 367	33 558 075	30,6	7 856 680
3	Төлем көзінен салық салынбайтын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы	228 316	253 823	384 017	68,2	155 701
4	Әлеуметтік салық	23 714 842	29 069 898	29 396 354	24,0	5 681 512
5	Жер бетіне жақын көздердегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем	86 740	104 194,0	90 773,4	4,7	4 033,5
6	Орманды пайдаланғаны үшін төлем	46 445,7	44 307,0	126 952,4	173,3	80 506,7
7	Жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлем	31 107,5	18 245	-28 098,6	-90,3	-59 206,1
8	Қоршаған ортаға эмиссия үшін төленетін төлем	-345 133,8	879 026,0	938 517,2	-171,9	1 283 650,9
9	Жұмыс берушілерге Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсатты бергені және (немесе) ұзартқаны үшін алым	40 280,4	37 275,0	43 825,0	8,8	3 544,6
10	Жергілікті бюджетке түсетін өзге де салық түсімдері	0,0	0,0	103,1	0,0	103,1

Өткен жылмен салыстырғанда 8 салық түрлері бойынша түсімдері өскен.

2021 жылы салықтық түсімдер орындалуы 94 732 390,0 мың теңгені құраған немесе 2020 жылмен салыстырғанда 20 179 398,0 мың теңгеге, яғни 27,1 пайызға ұлғайған.

Облыстық бюджетке түсетін салықтық түсімдердің 97,0 пайызы табыс және әлеуметтік салықтар төлемі есебінен қамтамасыз етілген. 2021 жылы бұл салықтар 35 434 74,0 мың теңге немесе түскен салықтардың жалпы сомасының 96,8 пайызын құрайтын мөлшерінде түскен.

Сондай-ақ, жер бетіне жақын көздердегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем 4033,5 мың теңгеге немесе 4,7 пайызға ұлғайған;

Сонымен қатар, орманды пайдаланғаны үшін төлем 80 506,7 мың теңгеге немесе 73,3 пайызға артқан.

Қоршаған ортаға эмиссия үшін төленетін төлем 271,1 пайызға кеміген. Жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлем -59 206,1 мың теңгеге немесе 90,3 пайызға кеміген.

2020 жылмен салыстырғанда табыс салығымен әлеуметтік салықтардың облыстық бюджет пен аудан (қала) бюджеттері арасында бөлу нормативтері төменде көрсетілген кестелерге сәйкес қалыптасқан.

**101111- Ірі кәсіпкерлік субъектілерінен және мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, заңды тұлғалардан алынатын корпоративтік табыс салығы**

мың теңге

№	Аудан атауы	2020 жыл			2021 жыл		
		%	Облыстық бюджетке	Жалпы контингентте	%	Облыстық бюджетке	Жалпы контингентте
1	Бәйдібек	50,0	91 312,2	182 624,4	50,0	127 300,0	259 171,3
2	Казығұрт	50,0	294 052,5	588 105,0	50,0	202 423,0	444 145,1
3	Мақтаарал	50,0	30 054,6	60 109,3	50,0	34 487,0	35 351,3
4	Жетісай	50,0	74 816,4	149 632,9	50,0	40 000,0	62 946,3
5	Ордабасы	50,0	385 803,8	771 607,7	50,0	475 440,0	1 118 891,5
6	Отырар	50,0	45 394,1	90 788,2	50,0	33 120,0	70 761,5
7	Сайрам	50,0	289 305,5	578 610,9	50,0	251 740,0	743 100,5
8	Сарыағаш	50,0	280 814,8	561 629,6	50,0	263 932,0	508 065,4
9	Сауран	-	-	-	-	7 055,0	27 360,0
10	Келес	50,0	22 422,6	44 845,2	50,0	24 425,0	48 862,7
11	Созақ	50,0	38 745,6	77 491,3	50,0	77 200,0	173 408,9
12	Төлеби	50,0	288 213,2	576 426,3	50,0	313 202,0	576 443,3
13	Түлкібас	50,0	42 268,1	84 536,2	50,0	169 578,0	356 719,8
14	Шардара	50,0	13 917,8	27 835,6	50,0	38 655,0	35 770,0
15	Арыс қ	50,0	107 208,3	214 416,6	50,0	142 908,0	340 398,6
16	Кентау қ	50,0	114 230,2	228 460,4	50,0	129 025,0	176 572,5
17	Түркістан қ	50,0	540 566,5	1 081 133,0	50,0	2 972 092,0	5 959 219,6
<b>Барлығы</b>		<b>50,0</b>	<b>2 659 126,3</b>	<b>5 318 252,6</b>	<b>50,0</b>	<b>5 302 581,0</b>	<b>10 937 188,0</b>

**101201-Төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы**

мың теңге

№	Аудан атауы	2020 жыл			2021 жыл		
		%	Облыстық бюджетке	Жалпы контингентте	%	Облыстық бюджетке	Жалпы контингентте
1	Бәйдібек	50,6	260 859,0	515 531,6	70,2	537 251,0	793 208,5
2	Казығұрт	67,3	818 447,3	1 216 117,8	50,5	751 487,0	1 548 057,5
3	Мақтаарал	65,1	734 916,7	1 128 904,3	52,1	716 523,0	1 433 010,1
4	Жетісай	59,7	944 772,5	1 582 533,5	57,0	1 122 704,0	2 103 703,4
5	Ордабасы	28,9	363 068,5	1 256 292,3	56,0	1 131 289,0	1 927 645,0
6	Отырар	57,5	497 781,6	865 707,1	50,7	500 635,0	1 116 510,6
7	Сайрам	68,0	1 658 847,7	2 439 481,9	63,5	2 137 943,0	3 513 116,8
8	Сарыағаш	57,9	1 034 082,3	1 785 979,8	55,5	1 398 224,0	2 533 509,6
9	Сауран	-	-	-	76,4	186 440,0	325 807,0
10	Келес	50,0	533 105,6	1 066 211,2	56,3	791 963,0	1 440 546,4
11	Созақ	63,3	2 434 557,5	3 846 062,4	86,3	3 370 676,0	3 917 829,1
12	Төлеби	69,5	819 510,0	1 179 151,1	66,1	860 604,0	1 310 451,9
13	Түлкібас	63,2	676 109,9	1 069 794,1	68,2	909 304,0	1 323 838,3
14	Шардара	66,2	388 439,3	586 766,3	56,6	505 488,0	878 241,2
15	Арыс қ	50,9	381 465,1	749 440,3	35,7	364 330,0	1 117 220,4
16	Кентау қ	77,2	1 365 476,1	1 768 751,4	43,3	632 102,0	1 956 590,0
17	Түркістан қ	14,7	682 766,4	4 644 669,3	22,1	1 392 094,0	6 318 789,4
<b>Барлығы</b>		<b>52,9</b>	<b>13 594 205,5</b>	<b>25 701 394,4</b>	<b>53,4</b>	<b>17 309 057,0</b>	<b>33 558 075,0</b>

**101205- Төлем көзінен салық салынбайтын шетелдік азаматтар  
табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы**

*мың теңге*

№	Аудан атауы	2020 жыл			2021 жыл		
		%	Облыстық бюджетке	Жалпы контингентте	%	Облыстық бюджетке	Жалпы контингентте
1	Бәйдібек	50,0	-525,8	-1 051,6	50,0	3 584,0	7 359,0
2	Қазығұрт	50,0	2 686,7	5 373,5	50,0	2 996,0	11 562,5
3	Мақтарал	50,0	4 679,4	9 358,8	50,0	4 500,0	17 015,3
4	Жетісай	50,0	2 454,3	4 908,6	91,2	5 533,0	10 535,1
5	Ордабасы	50,0	5 612,8	11 225,5	50,0	3 250,0	6 501,6
6	Отырар	50,0	2 122,4	4 244,9	50,0	2 648,0	17 951,4
7	Сайрам	50,0	19 133,5	38 267,0	64,4	21 155,0	47 938,8
8	Сарыағаш	50,0	14 252,4	28 504,9	50,0	6 192,0	12 519,9
9	Сауран	-	-	-	-	0,0	0,0
10	Келес	50,0	8 475,2	16 950,4	12,6	1 837,0	16 478,1
11	Созақ	50,0	4 781,4	9 562,8	1,4	266,0	19 557,9
12	Төлеби	50,0	3 765,9	7 531,8	50,0	11 395,0	24 744,0
13	Түлкібас	50,0	5 991,4	11 982,8	50,0	4 714,0	29 927,8
14	Шардара	50,0	2 954,7	5 909,3	50,0	928,0	7 035,9
15	Арыс қ	50,0	2 186,7	4 373,3	10,3	1 562,0	19 282,1
16	Кентау қ	64,1	10 588,7	16 519,0	36,8	3 450,0	55 208,6
17	Түркістан қ	86,2	47 112,3	54 654,7	52,4	40 005,0	80 398,7
Барлығы		59,7	136 272,0	228 315,7	44,9	114 015,0	384 017,0

**103101 - Әлеуметтік салық**

*мың теңге*

№	Аудан атауы	2020 жыл			2021 жыл		
		%	Облыстық бюджетке	Жалпы контингентте	%	Облыстық бюджетке	Жалпы контингентте
1	Бәйдібек	50,0	320 807,5	641 615,0	11,4	88 029,0	789 838,4
2	Қазығұрт	67,5	764 662,6	1 132 833,5	47,9	746 894,0	1 324 205,5
3	Мақтаарал	54,0	620 987,1	1 149 976,2	47,2	669 965,0	1 380 388,5
4	Жетісай	52,7	824 443,5	1 564 409,0	49,8	1 000 376,0	2 131 542,5
5	Ордабасы	46,7	541 655,9	1 159 862,9	48,7	723 381,0	1 548 375,0
6	Отырар	50,0	431 132,9	862 265,7	28,5	278 318,0	992 326,2
7	Сайрам	50,0	1 043 309,6	2 086 619,2	52,7	1 472 712,0	2 743 811,3
8	Сарыағаш	50,0	867 581,0	1 735 161,9	50,0	1 086 511,0	2 288 803,9
9	Сауран	-	-	-	0,0	0,0	240 617,0
10	Келес	58,4	585 296,8	1 002 220,5	50,0	647 546,0	1 325 575,9
11	Созақ	50,0	1 590 409,4	3 180 818,9	90,2	3 059 007,0	3 394 249,1
12	Төлеби	50,0	546 832,0	1 093 664,0	47,1	549 068,0	1 236 584,4
13	Түлкібас	50,0	498 649,7	997 299,4	47,0	515 778,0	1 139 207,8
14	Шардара	50,0	346 463,8	692 927,7	28,8	261 791,0	850 286,1
15	Арыс қ	53,4	365 447,3	684 358,2	0,0	0,0	959 381,1
16	Кентау қ	60,8	949 381,2	1 561 482,3	22,3	346 935,0	1 677 166,1

17	Түркістан қ	1,7	70 878,6	4 169 327,3	6,5	348 888,0	5 373 995,3
	Барлығы	43,7	10 367 939,0	23 714 841,7	40,5	11 795 199,0	29 396 354,0

Өткен жылмен салыстырғанда - 101111 «Ірі кәсіпкерлік субъектілерінен және мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, заңды тұлғалардан алынатын корпоративтік табыс салығы» 5 618 936,0 мың теңгеге артқан. Атап айтқанда «Шымкент Құрылыс» ЖШС-і, «Газовое хозяйство «Шымкентгаз» ЖШС-і, «Гидро Құрылыс» ЖШС-і, «Технологиялық көмек құрылыс» ЖШС-і, «Защита-растений-К» ЖШС-і, «АТАКАМА» ЖШС-і, «Ерсұлтан-Агро» ЖШС-і, «РЕНЕКО КАЗАХСТАН» ЖШС-і және тағы басқа салық төлеушілердің есебінен 2021 жылы артық орындалған.

- 101201 «Төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы» бойынша 7 856 680,0 мың теңгеге артқан. Мемлекеттік қызметкерлер мен азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысы жоғарылауынан артқан.

Сондай-ақ, келесі кәсіпорындардың өндіріс көлемі едәуір ұлғаюына байланысты, төлем артты. Атап айтқанда «Облыстық поликлиника» МКК - 77 200,0 мың теңге (2020 жылы 196 500,0 мың теңге, 2021 жылы 273 700,0 мың теңге), «Облыстық жедел жәрдем» МКК 107 800,0 мың теңге, (2020 жылы 204 900,0 мың теңге, ал 2021 жылы 312 700,0 мың теңге.), «№1 Обл перинат центр» МКК 48 700,0 мың теңге (2020 жылы 103 100,0 мың теңге, ал 2021 жылы 151 800,0 мың теңге), ХҚТУ 88 600,0 мың теңге (2020 жылы 251 300,0 мың теңге, ал 2021 жылы 339 900,0 мың теңге), «№2 Облыстық перинат центр» МКК 6 200,0 мың теңге (2020 жылы 143 000,0 мың теңге, ал 2021 жылы 149 200,0 мың теңге), «Түркістан облысы МКД» РММ 6 200,0 мың теңге (.2020 жылы 143 000,0 мың теңге, ал 2021 жылы 149 200,0 мың теңге), «Би & Эй Контракторс САБСН» ЖШС-і 71 300,0 мың теңге (2020 жылы 181 500,0 мың теңге, ал 2021 жылы 252 800,0 мың теңге.) және т.б.

- 101205 «Төлем көзінен салық салынбайтын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы» бойынша 155 701,0 мың теңгеге артқан. Себебі, 2020 жылы пандемиялық жағдайға және Өзбекістанда құрылыс жұмыстары едәуір көбеюіне байланысты, резидент емес тұлғалардың, яғни келіп жұмыс істейтін шетел азаматтарының саны азайған. Ал, ағымдағы жылы шетел азаматтарының саны артып, сәйкесінше түсім артты.

- 103101 «Әлеуметтік салық» 5 681 512,0 мың теңгеге артқан. Түсімнің асыра орындалуының негізгі себебі, мемлекеттік қызметкерлер мен азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысы жоғарылауынан артқан. Сондай-ақ, келесі кәсіпорындардың өндіріс көлемі артуына байланысты, төлем артты. Атап айтқанда. «Облыстық поликлиника» МКК-і 77 200,0 мың теңге (2020 жылы 196,500 мың теңге, ал 2021 жылы 273 700,0 мың теңге.), «Облыстық жедел жәрдем» МКК-і 107 800,0 мың теңге ( 2020 жылы 204 900,0 мың теңге, 2021 жылы 312 700,0 мың теңге), «№1 Обл перинат центр» МКК-і 48 700,0 мың теңге (2020 жылы 103 100,0 мың теңге, ал 2021 жылы 151 800,0 мың теңге), ХҚТУ 88 600,0 мың теңге

(2020 жылы 251 300,0 мың теңге, ал 2021 жылы 339 900,0 мың теңге), «№2 Облыстық перинат центр» МКК-і 6 200,0 мың теңге (2020 жылы 143 000,0 мың теңге, ал 2021 жылы 149 200,0 мың теңге), «Түркістан облысы МКД» РММ-і 6 200,0 мың теңге (2020 жылы 143 000,0 мың теңге, ал 2021 жылы 149 200,0 мың теңге), «Би & Эй Контракторс САБСН» ЖШС-і 71 300,0 мың теңге (2020 жылы 181 500,0 мың теңге, ал 2021 жылы 252 800,0 мың теңге) және т.б. түсім түсті.

- 105303 «Жер бетіне жақын көздердегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем» бойынша 2020 жылмен салыстырғанда 4 033,5 мың теңгеге артқан. Есепті жылы төлеушілер саны 7-ге артқан.

- 105304 «Орманды пайдаланғаны үшін төлем» 2020 жылмен салыстырғанда 80 506,7 мың теңгеге артқан. Себебі, орманды жанама түрде пайдалану, яғни пішен шабу, мал жаю, жабайы өсетін жемістерді, жаңғақтарды, саңырауқұлақтарды жинау, ара ұялары мен омарталарды орналастыру, арқылы пайдаланушылардың, яғни төлеушілердің саны артқан.

- 105433 «Жұмыс берушілерге Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсатты бергені және (немесе) ұзартқаны үшін алым» бойынша 3 544,6 мың теңгеге артқан. Бұл салық бойынша түсім шетелдік жұмыс күшін тартуға берілген рұқсат санына байланысты, сәйкесінше рұқсатты бергені немесе ұзартқаны үшін алым өткен жылмен салыстырғанда артқан.

- 107110 «Жергілікті бюджетке түсетін өзге де салық түсімдері» бойынша 2021 жылы 20 767,0 мың теңге түсті. Өткен жылы бұл түсім түріне төлем жасалынбаған. Есепті жылы түсім келесі төлеушілерден түскен. Атап айтқанда «Банк Центр Кредит» АҚ - 1,0 мың теңге, «Темиртас» ЖШС-і - 102,1 мың теңге.

- 105314 «Жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлем» бойынша есепті жылы қате түскен қаржы қайтарылғандықтан, 2020 жылмен салыстырғанда орындалмаған.

- 105316 «Қоршаған ортаға эмиссия үшін төленетін төлемақы» бойынша есепті жылы 938 517,2 мың теңге түсті. 2020 жылмен салыстырғанда түсім артқан.

*Бюджеттің кіріс бөлігін қалыптастыру мақсатында өсу қарқыны мен өткен жылдың төлемдері түсімдерінің серпіні, сондай-ақ нақты салықтық база есепке алына бермейді.*

*Бюджетке қосымша қаражаттарды жұмылдырудың барлық резервтері толық пайданылмайды.*

*Бюджетке түсетін салықтық емес түсімдердің жоспарының орындалуының толықтығы мен уақытылығын, жете орындалмау немесе асыра орындалу себептерін талдау*

2021 жылы салықтық емес түсімдер жоспары 10 348 407,0 мың теңге болса, нақты орындалғаны 10 822 285,8 мың теңге, яғни жоспар 473 878,8 мың теңге артық немесе 104,6 пайызға асыра орындалған.

Салықтық емес түсімдер бойынша болжамдық көрсеткіштерді орындалудың басым бөлігі келесі түсімдер бойынша қалыптасқан, оның ішінде:

- 204106 «Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың ішкі істер департаменттері, олардың

аумақтық бөлімшелері салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар» бойынша жоспар 5 550 000,0 мың теңге болса нақты орындалғаны 6 587 331,1 мың теңге, яғни жоспар 118,7 пайызға орындалған. Облыстық полиция департаменті және өзге де жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер тарапынан салынған айыппұлдардың артуынан орын алған. Атап айтқанда Е.Джолбарисов 481,0 мың теңге, Б.Егизбаев 60,1 мың теңге, А.Набиев 553,2 мың теңге, «Жеті ағайын 7» ЖШС-і 122,2 мың теңге, А.Черданцев 432,9 мың теңге, У.Абдураимов 323,8 мың теңге, Т. Бейсенбаев 36,1 мың теңге, А. Юсупов 204,4 мың теңге, А. Ахметов 20,0 мың теңге, Д. Жансейтова 68,1 мың теңге, А.Сейсенбаева 481,0 мың теңге, Т.Корабаев 432,9 мың теңге, Т.Молдағалиев 192,4 мың теңге, К.Сайдалиев 12,0 мың теңге, А.Ахметов 20,0 мың теңге, С.Пернебаев 144,3 мың теңге, «NURAY Construct» ЖШС-і 481,0 мың теңге, «Болашақ СК» ЖШС-і 2,4 мың теңге, Б.Жанзаков 517,1 мың теңге, Т.Татыбаев 132,9 мың теңге, В.Столяров 432,9 мың теңге, А.Усенова 240,5 мың теңге, И.Алимкулов 288,6 мың теңге, Т.Мамышева 144,3 мың теңге, А.Тайталиев 290,0 мың теңге, У. Райымбекова 726,1 мың теңге, У. Садыков 450,0 мың теңге, т.б.

-206114 «Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен оның инфрақұрылымын дамытуға жер қойнауын пайдаланушылардың аударымдары» бойынша жоспар 1 837 333,0 мың теңге болса, нақты орындалғаны 1 858 694,0 мың теңге жер қойнауын пайдаланушылардың артуынан жоспар 101,2 пайызға орындалған.

Сонымен қатар, жоспарды асыра орындау келесі түсімдер бойынша да қалыптасқан. Оның ішінде:

- облыстың коммуналдық меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер 46 501,4 мың теңгеге немесе 465,0 пайызға;

-коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігінің түсімдері 121 414,3 мың теңгеге немесе 100,3 пайызға;

-коммуналдық меншіктегі акциялардың мемлекеттік пакетіне берілетін дивидендтер 272 260,9 мың теңгеге немесе 100,0 пайызға;

- қаржы агенттіктеріне үкіметтік сыртқы қарыз қаражаты есебінен жергілікті бюджеттен ішкі көздер есебінен берілген бюджеттік кредиттер бойынша сыйақылар 3 268,7 мың теңгеге немесе 101,7 пайызға;

-жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақшаның түсімі 528,0 мың теңгеге немесе 125,1 пайызға;

- облыстық бюджеттен қаржыландыратын мемлекеттік мекемелер салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар бойынша 66 531,9 мың теңгеге немесе 157,3 пайызға;

-жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелермен алынатын өзге де айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар 23 201,6 мың теңгеге немесе 117,1 пайызға;

-жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің дебиторлық, депоненттік берешегінің түсімдері 6 644,4 мың теңгеге немесе 116,0 пайызға пайызға;

-бұрын жергілікті бюджеттен алынған, пайданылмаған қаражаттардың қайтарылуы 15 212,4 мың теңгеге немесе 103,7 пайызға;

Салықтық емес түсімдер бойынша болжамдық көрсеткіштерді орындалмаудың басым бөлігі келесі түсімдер бойынша қалыптасқан, оның ішінде (*барлығы 1 түсім бойынша орындалмаған*):

- 206109 «Жергілікті бюджетке түсетін салықтық емес басқа да түсімдер» бойынша жоспар 1 122 381,0 мың теңге болса, нақты орындалғаны 753 144,0 мың теңге, яғни жоспар 369 237,0 мың теңгеге орындалмаған.

Есепті жылы төлеушілерден түсім түскендер. Атап айтқанда «КОМБИ-СТРОЙ-1» ЖШС-і 631,0 мың теңге, «JANA KZ QURYLYS» ЖШС-і 487,4 мың теңге, «Қуат-құрылыс» ЖШС-і 56,6 мың теңге, «Асар строй групп» ЖШС-і 56,0 мың теңге, «Фонд фин. поддержки с/х ТФ» АҚ 3 758,2 мың теңге, Ордабасы аудандық почталық байланыс торабы - 626,8 мың теңге, Түркістан қалалық почталық байланыс торабы - 375,2 мың теңге, т.б. түскен.

*Бюджетке түсетін салықтық емес түсімдердің өткен жылмен салыстырғандағы қарқынын, кем түсуі немесе арту себептерін талдау*

2021 жылғы салықтық емес түсімдерді 2020 жылмен салыстырғанда жалпы 3 195 975,4 мың теңгеге артқан, оның ішінде негізгілері:

- 201102 «Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігінің түсімдері» бойынша 107 792,0 мың теңгеге артқан. 2021 қаржы жылында шығынмен аяқтаған кәсіпорындардың азаюына байланысты.

- 201302 «Коммуналдық меншіктегі акциялардың мемлекеттік пакетіне берілетін дивидендтер» бойынша 65 827,0 мың теңгеге артқан. Өткен жылмен салыстырғанда түсімнің артуының басты себебі, 2021 жылы «Түркістан» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясынан 119 312,0 мың теңге төлем жасауы есебінен орын алған (2020 жылы осы корпорациядан түсім болмаған). Сондай-ақ, негізгі төлеуші «Оңтүстік» аймақтық инвестициялық орталығы» ЖШС-нен 242 353,5 мың теңге ірі төлем жасаған.

- 201504 «Облыстың коммуналдық меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер» бойынша 24 084,1 мың теңгеге артқан. Коммуналдық мүлікті жалдауға (жалға алуға) беру «Gosreestr.kz» веб-порталы арқылы тендер түрінде жүзеге асырылады және қатысушылардың саны артып, коммуналдық мүлікті жоғары бағамен жалға беру мүмкіндігі пайда болуына байланысты мүлікті жалға беруден түсетін түсім ұлғайды.

- 204105 «Облыстық бюджеттен қаржыландыратын мемлекеттік мекемелер салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар» бойынша 34 454,1 мың теңгеге артқан. Түркістан облысының еңбек инспекциясы, сәулет-құрылыс бақылау басқармасы, жер инспекциясы басқармасы және өзге де облыстық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер тарапынан салынған айыппұлдардың уақытылы өндірілуінен түскен. Атап айтқанда «IN YUAN STEEL (СИН ЮАНЬ СТИЛ)» ЖШС-інен 48,1 мың теңге, «Детский садик» ЖШС-інен 1154,4 мың теңге,



«Нұр ТАН-Строй» ЖШС-інен 56,4 мың теңге, «Мерей & LTD» ЖШС-інен 158,8 мың теңге, «НС Люкс» ЖШС-інен 60,1 мың теңге, «ЖБИ-С» ЖШС-інен 60,1 мың теңге, «НЫШ-ЕР» ЖШС-інен 180,3 мың теңге, «ТЕМИР-СПЕЦСТРОЙ» ЖШС-інен 60,1 мың теңге, «СПЕЦ ТЕХ-1» ЖШС-інен 60,1 мың теңге, «ОТАУ-СТРОЙ» ЖШС-інен 60,1 мың теңге, «Жедел қурылыс» ЖШС-інен 60,1 мың теңге, «БЕРЕН» ЖШС-інен 60,1 мың теңге.

- 204106 «Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың ішкі істер департаменттері, олардың аумақтық бөлімшелері салатын әкімшілік айыппұлдар, өсім пұлдар, санкциялар, өндіріп алулар» бойынша 2 278 637,7 мың теңгеге артқан. Полиция департаменті мен оның бөлімдері салған әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар өткен жылмен салыстырғанда көп әрі нақты өндірілуіне байланысты түсім артқан.

- 206114 «Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен оның инфрақұрылымын дамытуға жер қойнауын пайдаланушылардың аударымдары» бойынша 547 216,5 мың теңгеге артқан. Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен оның инфрақұрылымын дамытуға жер қойнауын пайдаланушылардың аударымдардың толық түсуінен туындаған. Ірі түсім: «КАЗФОСФАТ» ЖШС-нен 48 201,0 мың теңге, «Совместное предприятие «Будёновское» ЖШС-нен 36 182,6 мың теңге.

- 206109 «Жергілікті бюджетке түсетін салықтық емес басқа да түсімдер» бойынша 84 479,0 мың теңгеге артқан.

Себебі 2021 жылы келесі төлеушілерден түсім түсті. Атап айтқанда «Фонд фин. поддержки с/х ТФ» АҚ 3 758,2 мың теңге, «КОМБИ-СТРОЙ-І» ЖШС-гі 631,0 мың теңге, «JANA KZ QURYLYS» ЖШС-гі 487,4 мың теңге, «Қуат-құрылыс» ЖШС-гі 56,6 мың теңге, «Асар строй групп» ЖШС-гі 56,0 мың теңге, Кулкаев Муратбек Жаксылыкович 2 222,4 мың теңге, «Энер горесурс» 979,2 мың теңге.

*Бюджеттің кіріс бөлігінің болжамын қалыптастыру кезінде өткен жылдардағы төлемдердің түсімінің өсу қарқыны мен серпіні, нақты салықтық база толық ескеріле бермейд.*

*Бұл өз кезегінде, бюджеттің кіріс бөлігінің жоспарлау сапасын одан әрі жетілдіруді қажет етеді.*

*Жоспарды асыра орындалуын немесе толық орындалмауын, жыл көлемінде нақтылауларды болдырмау немесе азайту мақсатында түсімдердің мониторингін тұрақты негізде жүргізу қажет деп есептейміз.*

*Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдердің жоспарының орындалуының толықтығы мен уақтылығын, жете орындалмау немесе асыра орындалу себептерін талдау.*

2021 жылы негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер жоспары 215 675,0 мың теңге болса, нақты орындалғаны 223 213,4 мың теңге, яғни жоспар 7 538,4 мың теңге артық немесе 103,5 пайызға орындалған.

Бұл түсім 301102 «Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге бекітілген мүлікті сатудан түсетін түсімдер» коды бойынша түскен. Жоспарланған жекешелендіру нысандарының саны артуына

және коммуналдық мүлікті жекешелендіру «Gosreestr.kz» веб-порталы арқылы аукцион түрінде жүзеге асырылуына байланысты жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге бекітілген мүлікті сатудан түсетін түсімдер артқан.

- *Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдердің өткен жылмен салыстырғандағы қарқынын, кем түсуі немесе арту себептерін талдау.*

2021 жылы негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер 2020 жылмен салыстырғанда 142 997,4 мың теңгеге артқан. Себебі жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерде сатылатын мүліктер санының артуына және коммуналдық мүлікті жекешелендіру «Gosreestr.kz» веб-порталы арқылы аукцион түрінде жүзеге асырылуына байланысты.

2021 жылы негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер жоспары 23 606,0 мың теңгеде бекітіліп, тамыз айында бюджетті нақтылау барысында 192 069,0 мың теңгеге ұлғайтылып, жыл соңындағы жоспар 215 675,0 мың теңгені құраған. Ұлғайтылудың негізгі себебі жекешелендіруге жататын объектілер санының өсуіне байланысты.

Бағдарлама мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталмады.

**2. Салықтардың түрлері бойынша артық, кем төленгенді талдау және олардың бюджет кірістерінің атқарылуына әсері.**

**2019 жылы бересінің сомасы 2020 жылдың 1 қаңтарына. 1 106 659,0 мың теңге.** Салықтар және жергілікті бюджетке түсетін төлемдер бойынша, 2019 жылдың 1 қаңтар айының бересінің көлем көрсеткіштерін салыстырғанда 405 590,0 мың теңгеге өскен.

### **Бюджетке түсетін түсімдер бойынша бересі**

(мың теңге)

БСК	Салықтар мен төлемдердінатауы	01.01.2019 жылдың басына бересі (недоимка)	01.01.2020 жылғы жағдайға бересі (недоимка)	Ауытқу
<b>Барлығы:</b>		<b>701 069,0</b>	<b>1 106 659,0</b>	<b>405 590,0</b>
101201	Төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы.	32 884,0	74 404,0	41 520,0
101202	Төлем көзінен салық салынбайтын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы	25 503,0	45 641,0	20 138,0
101205	Төлем көзінен салық салынбайтын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы	432,0	1 505,0	1 073,0
103101	Әлеуметтіксалық	58 455,0	48 146,0	-10 309,0
104101	Заңды тұлғалардың және жеке кәсіпкерлердің мүлкіне салынатын салық	25 068,0	47 618,0	22 550,0
104102	Жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салық	19 486,0	19 804,0	318,0
104302	Елді мекендер жерлеріне жеке тұлғалардан алынатын жер салығы	44 528,0	75 821,0	31 293,0
104309	Елді мекендердің жерлеріне алынатын жер салығын қоспағанда, жер салығы	8 734,0	0,0	-8 734,0

104401	Заңды тұлғалардан көлік құралдарына салынатын салық	333,0	803,0	471,0
104402	Жеке тұлғалардан көлік құралдарына салынатын салық	453 669,0	457 298,0	3 630,0
104501	Бірыңғай жер салығы	16 724,0	317 778,0	301 054,0
105284	ҚР аумағында өндірілген бензин (авиациялықтықоспағанда) және дизель отыны	647,0	1 035,0	388,0
105303	Жер бетіне жақын көздердегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем	249,0	2 344,0	2 096,0
105304	Орманды пайдаланғаны үшін төлем	0,0	10,0	10,0
105315	Жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлем	2 395,0	5 251,0	2 856,0
105316	Қоршаған ортаға эмиссия үшін төленетін төлемақы	9 996,0	6 759,0	-3 237,0
105402	Жекелеген қызмет түрлері мен айналы су құқығы үшін алынатын лицензиялық алым	0,0	76,0	76,0
105425	Сыртқы (көрнекі) жарнаманы – аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуіндегі жарнаманы тұрақты орналастыру объектілерінде, аудандық маңызы бар қаладағы, ауылдағы, кенттегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте орналастырғаны үшін төлемақыны қоспағанда, сыртқы (көрнекі) жарнаманы облыстық маңызы бар қаладағы үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте орналастырғаны үшін төлемақы	505,0	799,0	294,0
105429	Жергілікті бюджет. Енгізілетін тіркеу алымы	0,0	1,0	1,0
105430	Жарнама төлемі	0,0	50,0	50,0
105434	Қызметтің жекелеген түрлерімен айналы суға лицензияларды пайдаланған үшін төлем	1 214,0	1 299,0	84,0
105502	Тіркелген салық	137,0	155,0	18,0
107110	Жергілікті бюджетке түсетін өзге де салық түсімдері	111,0	64,0	-47,0

Төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы бойынша бересі 74 404,0 мың теңгені, төлем көзінен салық салынбайтын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы бойынша бересі 45 641,0 мың теңгені, әлеуметтік салық бойынша бересі 48 146,0 мың теңгені құрайды.

Салықтар бойынша бересі жылдың басымен салыстырғанда 52 422,0 мың теңгеге көбейіп (44,7 пайызға), 169 696,0 мың теңгені құраған.

### Салықтар бойынша 2018-2019 жылдардағы бересі

(мың теңге)

БСК	Төлем атауы	Бересі		
		01.01.2019 ж	01.01.2020 ж	Ауытқу +/-
<b>Барлығы:</b>		<b>117 274,0</b>	<b>169 696,0</b>	<b>52 422,0</b>
101201	Төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы	32 884,0	74 404,0	41 520,0
101202	Төлем көзінен салық салынбайтын табыстардан ұсталатын жеке табыс	25 503,0	45 641,0	20 138,0

	салығы			
101205	Төлем көзінен салық салынбайтын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы	432,0	1 505,0	1 073,0
103101	Әлеуметтік салық	58 455,0	48 146,0	-10 309,0

### Салықтар бойынша 2018-2019 жылдардағы бересі

(мың теңге)

БСК	Төлем атауы	Бересі		
		01.01.2019 жылы	01.01.2020 жылға	Ауытқу +/-
105303	Жер бетіне жақын көздердегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем	249,0	2 344,0	2 095,0
105304	Орманды пайдаланғаны үшін төлем	0,0	10,0	10,0
105316	Қоршаған ортаны эмиссия үшін төленетін төлемақы	9 996,0	6 759,0	-3 237,0
107110	Жергілікті бюджетке түсетін өзге де салық түсімдері	111,0	64,0	-47,0
<b>Облыстық бюджет бойынша барлығы:</b>		<b>10 356,0</b>	<b>9177,0</b>	<b>-1179,0</b>

**2020 жылдың 1 қаңтардағы** жағдайына салықтық түсімдердің төрт түрінен барлығы 9 177,0 мың теңге бересі сомасы қалыптасқан, оның ішінде ірі мөлшердегі:

- жер бетіне жақын көздердегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемдерді төлейтін ұйымдар төлемді мерзімінде төлемеу себебінен 2 344,0 мың теңге бересі пайда болған.

- қоршаған ортаны эмиссия үшін төленетін төлемақы мерзімінде төленбеу себебінен бересі 6 759,0 мың теңгені құраған.

**2020 жылы** салықтар бойынша бересі сомманы 2021 жылдың 1 қаңтар айымен салыстырғанда 58 671,0 мың теңгеге азайып (47,3%), 65 384,0 мың теңгені құраған, оның ішінде:

- төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы бойынша 27 117,0 мың теңге;

- төлем көзінен салық салынбайтын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы бойынша 741,0 мың теңге;

- әлеуметтік салық бойынша 37 526,0 мың теңге;

### Салықтар бойынша 2019-2020 жылдардағы бересі

(мың теңге)

БСК	Салықтар мен төлемдердің атауы	01.01.2020 жылдың басына бересі (недоимка)	01.01.2021 жылғы жағдайға бересі (недоимка)	Ауытқу (+/-)
<b>Барлығы:</b>		<b>124 055,0</b>	<b>65 384,0</b>	<b>-58 671,0</b>
101201	Төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы.	74 404,0	27 117,0	-47 287,0

101205	Төлем көзінен салық салынбайтын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы	1 505,0	741,0	-764,0
103101	Әлеуметтік салық	48 146,0	37 526,0	-10 620,0

Салықтар бойынша 2021 жылдың 1 қаңтары жағдайына салықтық түсімдердің төрт түрінен барлығы 5 406,0 мың теңге бересі сомасы қалыптасқан, оның ішінде:

- жер бетіне жақын көздердегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем бойынша 1 652,0 мың теңге;
- орманды пайдаланғаны үшін төлем бойынша 30,0 мың теңге;
- жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлем бойынша 20,0 мың теңге;
- қоршаған ортаны эмиссия үшін төленетін төлемақы бойынша 2 005,0 мың теңге бересіні құраған.

### Салықтар бойынша 2019-2020 жылдардағы бересі бойынша

(мың теңге)

БСК	Салықтар мен төлемдердің атауы	01.01.2020 жылдың басына бересі (недоимка)	01.01.2021 жылғы жағдайға бересі (недоимка)	Ауытқу (+/-)
<b>Барлығы:</b>		<b>9 113,0</b>	<b>3 707,0</b>	<b>-5 406,0</b>
105303	Жер бетіне жақын көздердегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем	2 344,0	1 652,0	-692,0
105304	Орманды пайдаланғаны үшін төлем	10,0	30,0	20,0
105314	Жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлем	0,0	20,0	20,0
105316	Қоршаған ортаға эмиссия үшін төленетін төлемақы	6 759,0	2 005,0	-4 754,0

Берешек сомалары салық органдарына ұсынылған салық есептіліктерінен және салық органдарының тексеру нәтижелерінен қайта есептелуінен пайда болған.

Бересінің негізгі көлемі еңбекақы төлеу қорына қатысты салықтарға тиесілі, олардың үлесі облыстық бюджетке түсетін салықтар бойынша бересінің жалпы көлемінің 94,6 % құрайды. Салықтар және жергілікті бюджетке түсетін төлемдер бойынша жалпы бересінің көлемі жыл басындағы көрсеткішпен салыстырғанда 64 077,0 мың теңгеге азайып, 69 091,0 мың теңгені құраған.

**2021 жылы** салықтар бойынша бересі соманы 2022 жылдың 1 қаңтары айымен салыстырғанда 794 102,8 мың теңгеге артып (13,1 есеге), 859 486,8 мың теңгені құраған, оның ішінде:

- төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы бойынша 453 874,0 мың теңге;
- төлем көзінен салық салынбайтын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы бойынша 5 976,8 мың теңге;
- әлеуметтік салық бойынша 334 252,0 мың теңге;

## Салықтар бойынша 2020-2021 жылдардағы бересі

(мың теңге)

БСК	Салықтар мен төлемдердің атауы	01.01.2021 жылғы жағдайға бересі (недоимка)	01.01.2022 жылғы жағдайға бересі (недоимка)	Ауытқу (+/-)
<b>Барлығы:</b>		<b>65 384,0</b>	<b>859 486,8</b>	<b>794 102,8</b>
101201	Төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы.	27 117,0	480 991,0	453 874,0
101205	Төлем көзінен салық салынбайтын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы	741,0	6 717,8	5 976,8
103101	Әлеуметтік салық	37 526,0	371 778,0	334 252,0

Бюджетке түсетін салықтар бойынша 2022 жылдың 1 қаңтары жағдайына салықтық түсімдердің төрт түрінен барлығы 40 002,4 мың теңге бересі сомасы қалыптасқан, оның ішінде:

- жер бетіне жақын көздердегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем бойынша 14 128,7 мың теңге;
- орманды пайдаланғаны үшін төлем бойынша 29,4 мың теңге;
- қоршаған ортаны эмиссия үшін төленетін төлемақы бойынша 25 844,3 мың теңге бересіні құраған.

### Бюджетке түсетін салықтар бойынша 2020-2021 жылдардағы бересі

(мың теңге)

БСК	Салықтар мен төлемдердің атауы	01.01.2021 жылдың басына бересі (недоимка)	01.01.2022 жылғы жағдайға бересі (недоимка)	Ауытқу (+/-)
<b>Барлығы:</b>		<b>3 707,0</b>	<b>40 002,4</b>	<b>36 295,4</b>
105303	Жер бетіне жақын көздердегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем	1 652,00	14 128,7	12 476,7
105304	Орманды пайдаланғаны үшін төлем	30,0	29,4	-0,6
105314	Жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлем	20,0	0,0	-20,0
105316	Қоршаған ортаға эмиссия үшін төленетін төлемақы	2 005,0	25 844,3	23 839,3

Бересі сомалары салық органдарына ұсынылған салық есептіліктерінен және салық органдарының тексеру нәтижелерінен қайта есептелуінен пайда болған.

Өткен жылмен салыстырғанда бюджетке түсетін түсімдер бойынша бересі төлемдердің сомалары азайғанымен, олар әлі де қомақты.

Бересі соманы төмендету бойынша басқару шараларының қолданылуын одан әрі жетілдіру және жандандыру қажет деп есептейміз.

### Артық аударылған түсімдер бойынша

**2019 жылға артық аударылған түсімдердің негізгі көлемі еңбекақы төлеу қорына қатысты салықтарға тиесілі, олардың үлесі облыс бойынша артық төлеудің жалпы көлемінің 75,8%-на жуығын (01.01.2020 жылғы жағдайға артық**

аударылған түсімдері 10 091 624,1 мың теңге) құрайды. Төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы бойынша артық төлеу 3 621 319,8 мың теңгені, төлем көзінен салық салынбайтын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы бойынша артық төлеу 403 247,6 мың теңгені, заңды тұлғалардың және кәсіпкерлердің мүлкіне салынатын салық бойынша артық төлем 756 424,0 мың теңгені, жеке тұлғалардың көлігіне салынатын салық бойынша артық төлем 463 423,2 мың теңгені, әлеуметтік салық бойынша 3 618 999,9 мың теңгені құрайды. Артық төлемдердің себептері:

101201 және 103101 бюджеттік сыныптама коды бойынша артық төлемдердің (**7 240 319,7 мың теңге**) заңмен бекітілген мерзім бойынша төленген салықтар, яғни төртінші тоқсанда (қазан, қараша, желтоқсан айларында) төленген салықтар, олар бойынша есептіліктер (15-ақпанға дейін тапсырылады) есепті кезең аяқталған соң ғана дербес шоттарға таратылып жазылатындықтан орын алған.

Заңды тұлғалардың және жеке кәсіпкерлердің мүлкіне салынатын салық (БСК 104101) – **756 424,0** мың теңге артық төлем салықтың төртінші кезеңі бойынша төлеу мерзімі 25-қараша болғанымен, салық есептіліктерін тапсыру мерзімі келесі жылға өтуіне байланысты орын алуда және уран шығарушы ірі мекемелердің салықтық санкциялар, яғни өсімпұлдар төлемеу мақсатында салықтарды артығымен алдын ала төленген. Мысалы: «Катко» БК ЖШС-де артық төлем 179 288,6 мың теңге; «Инкай» БК ЖШС-де артық төлем – 26 631,9 мың теңге; «Аппақ» ЖШС-де артық төлем – 16 148,0 мың теңге.

Жеке тұлғалардың көлігіне салынатын салық (БСК 104402) бойынша артық төлем **463 423,2** мың теңге, қордалану себебі салықтың төлеу мерзімі 31 желтоқсанға дейін, есептелген салықтарды дербес шоттарға таратып жазу заңға сәйкес наурыз айының соңы, елімізде орын алған төтенше жағдайға байланысты аталған мерзімдер мамыр айының соңына дейін созылып отыр.

Қоршаған ортаға эмиссия үшін төленетін төлемақы (БСК 105316) бойынша артық төлем **730 962,7** мың теңгені құрайды. Артық төлемдердің негізгі бөлігі уран өндіруші ірі мекемелердің қаражаттарының бар кезінде төлемдерді алдын ала салықтық санкциялар, яғни өсімпұлдар төлемеу мақсатында төлеп қойуы. Мысалы: «ОТХК» БК ЖШС-де артық төлем - 128 000,0 мың теңге, «Катко» БК ЖШС-нен артық төлем – 3 435,3 мың теңге.

**2020 жылға** артық аударылған түсімдердің негізгі көлемі еңбекақы төлеу қорына қатысты салықтарға тиесілі. Төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы бойынша артық төлеу 3 590 591,0 мың теңгені, төлем көзінен салық салынатын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы бойынша артық төлеу 6 805,7 мың теңгені, әлеуметтік салық бойынша 3 232 863,0 мың теңгені құрайды. Олардың артық төлемдердің қордалану себебі: заңмен бекітілген мерзім бойынша төленген салықтар, яғни төртінші тоқсанда (қазан, қараша, желтоқсан айларында) төленген салықтар, олар бойынша есептіліктер (15-ақпанға дейін тапсырылады) есепті кезең аяқталған соң ғана дербес шоттарға таратылып жазылатындықтан орын алған.

## Салықтар бойынша 2019-2020 жылдардағы артық аударылған түсімдер

(мың теңге)

БСК	Төлем атауы	Артық төлем		
		01.01.2020 жылға	01.01.2021 жылға	Ауытқу +/-
<b>Барлығы:</b>		<b>7 249 120,3</b>	<b>6 830 259,7</b>	<b>-418 860,6</b>
101201	Төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы	3 621 319,8	3 590 591,0	-30 728,8
101205	Төлем көзінен салық салынатын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы	8 801,5	6 805,7	-1 995,8
103101	Әлеуметтік салық	3 618 999,0	3 232 863,0	-386 136,0

Талдау нәтижелері көрсеткендей, төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы бойынша артық аударылған түсім 30 728,8 мың теңгеге немесе 0,8 пайызға кеміген; төлем көзінен салық салынатын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы 1 995,8 мың теңгеге немесе 22,7 пайызға, әлеуметтік салық 386 136,0 мың теңгеге немесе 10,7 пайызға кеміген.

Сонымен қатар, облыстық бюджетке түсетін түсімдер бойынша артық аударылған түсімдер жылдың басымен салыстырғанда 3,3 есеге азайып, 517 747,9 мың теңгені құраған. Алайда, орманды пайдаланғаны үшін төленетін төлем 1 068,4 мың теңгеден 7 682,4 мың теңгеге дейін және жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлем 45,2 мың теңгеден 30 067,2 мың теңгеге дейін өскен.

## Салықтар бойынша 2019-2020 жылдардағы артық аударылған түсімдер

(мың теңге)

БСК	Төлем атауы	Артық аударылған түсімдер		
		01.01.2020 жылға	01.01.2021 жылға	ауытқу +/-
105303	Жер бетіне жақын көздердегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем	10 079,4	9 920,8	-158,6
105304	Орманды пайдаланғаны үшін төленетін төлем	1 068,4	7 682,4	6 614,0
105314	Жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлем	45,2	30 067,2	30 022,0
105316	Қоршаған ортаға эмиссия үшін төленетін төлем	730 962,7	176 737,4	-554 225,3
<b>Барлығы:</b>		<b>742 155,7</b>	<b>224 407,8</b>	<b>-517 747,9</b>



**2021 жылға** артық аударылған түсімдердің негізгі көлемі еңбекақы төлеу қорына қатысты салықтарға тиесілі. Төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы бойынша артық төлеу 10 348 919,1 мың теңгені, төлем көзінен салық салынатын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы бойынша артық төлеу 34 150,7 мың теңгені, әлеуметтік салық бойынша 8 457 533,6 мың теңгені құрайды. Олардың артық төлемдердің қордалану себебі: заңмен бекітілген мерзім бойынша төленген салықтар, яғни төртінші тоқсанда (қазан, қараша, желтоқсан айларында) төленген салықтар, олар бойынша есептіліктер (15-ақпанға дейін тапсырылады) есепті кезең аяқталған соң ғана дербес шоттарға таратылып жазылатындықтан орын алған.

**Салықтар бойынша 2020-2021 жылдардағы  
артық аударылған түсімдер**

*(мың теңге)*

БСК	Төлем атауы	Артық төлем		
		01.01.2021 жылға	01.01.2022 жылға	Ауытқу +/-
Барлығы:		6 830 259,7	18 840 603,4	12 010 343,7
101201	Төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы	3 590 591,0	10 348 919,1	6 758 328,1
101205	Төлем көзінен салық салынатын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы	6 805,7	34 150,7	2 7345,0
103101	Әлеуметтік салық	3 232 863,0	8 457 533,6	5 224 670,6

Талдау нәтижелері көрсеткендей, төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы бойынша артық аударылған түсім 6 758 328,1 мың теңгеге немесе 2,9 есеге артқан; төлем көзінен салық салынатын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы 27 345,0 мың теңгеге немесе 5 есеге артқан, әлеуметтік салық 5 224 670,6 мың теңгеге немесе 2,6 есеге артқан.

Сонымен қатар, облыстық бюджетке түсетін түсімдер бойынша артық аударылған түсімдер жылдың басымен салыстырғанда 4,1 есеге артып, 687 832,1 мың теңгені құраған. Алайда, жер бетіне жақын көздердегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем 9 920,8 мың теңгеден 9 010,4 мың теңгеге дейін, орманды пайдаланғаны үшін төленетін төлем 7 682,4 мың теңгеден 5 745,2 мың теңгеге дейін және жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлем 30 067,2 мың теңгеден 453,9 мың теңгеге дейін кеміген.

**Салықтар бойынша 2020-2021 жылдардағы  
артық аударылған түсімдер**

*(мың теңге)*

БСК	Төлем атауы	Артық аударылған түсімдер		
		01.01.2021 жылға	01.01.2022 жылға	ауытқу +/-
105303	Жер бетіне жақын көздердегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем	9 920,8	9010,4	-910,4

105304	Орманды пайдаланғаны үшін төленетін төлем	7 682,4	5 745,2	-1 937,2
105314	Жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлем	30 067,2	453,9	-29 613,3
105316	Қоршаған ортаға эмиссия үшін төленетін төлем	176 737,4	897 938,2	721 200,8
<b>Барлығы:</b>		<b>224 407,8</b>	<b>913 147,7</b>	<b>688 739,9</b>

Артық төлемдер бойынша департамент тарапынан жұмыстар жүргізілгенімен, аудитпен талдау барысында 2019-2021 жылдар аралығында артық төлемдердің азаймауы жылдан-жылға қайталанып келе жатқан жүйелі проблема ретінде атап өтуге болады.

Артық төлемнің пайда болуының негізгі себептері:

- салықтар мен төлемдерді дұрыс есептемеу;
- салықтар мен төлемдерді төлеуге арналған төлем тапсырмаларын толтыру кезіндегі қателер;
- салық кезеңінің қорытындысы бойынша азайтуға, салық салу режимін өзгертуге салық сомасының есептелуі;
- өткен кезеңдерге қолданылатын салық заңнамасына өзгерістер енгізілуі;
- жоспардың көрсеткіштерін орындау үшін жекелеген салық төлеушілердің аванс беру практикасы.

Бағдарлама мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталмады.

### **3. Салықтық әкімшіліктендіру және бақылау жұмыстарына аудит жүргізу.**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Түркістан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің «Түсіндіру жұмыс» басқармасы тарапынан Қазақстан Республикасы салық, кеден қызметінің даму Стратегиясының талаптарына сай және бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес, Қазақстан Республикасының Салық және Кеден кодекстеріне енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды салық төлемгерлеріне жеткізу, түсіндіру, ұғындыру мақсатында салық төлеушілер мен қоғамдық ұйымдар, сонымен қатар, Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен екі жақты бірлескен жұмыс жоспары аясында және облыстың аудандар мен қалалары бойынша басқармалармен 2019-2021 жылы төмендегі жұмыстар жүргізілген.

**2019 жылы** 555 семинар-кеңес, 206 дөңгелек үстелдер, 224 ашық есік күндері өткізілген.

Қазақстан Республикасының Салық, Кеден кодекстері және салықтық, кедендік әкімшілендіруге байланысты басқа да Заң актілеріне енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың жариялылығын қамтамасыз ету және салық органының имиджін көтеру, салық төлемгерлерінің салықтық мәдениетін жоғарылату мақсатында Департаменттің медиа жоспары негізінде облыстық және қалалық басылым беттерінде 414 мақала мен хабарламалар жарық көрген, 306 теле және радио сұхбаттар берілген, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің қатысуымен 8 брифинг өткізілген, департаменттің интернет порталы мен әлеуметтік желілерінде 6 116 ақпараттар жарияланған.

**2020 жылы** 156 семинар-кеңес, 45 дөңгелек үстелдер, 25 ашық есік күндері өткізілген. Бұл бағытта түсіндіру жұмысы аздау себебі, әлемдік індетке байланысты болды. Кәсіпкерлер палатасымен екі жақты іс шаралар жоспары негізінде салық, кеден заңнамалары және басқа да Заң актілеріне енгізілген өзгерістер мен

толықтырулардың жариялылығын қамтамасыз ету, халыққа түсіндіру мақсатында жыл көлемінде облыстық және қалалық басылым беттерінде 577 мақала мен хабарламалар жарық көрген, 1035 теле және радио сұхбаттар берілген, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің қатысуымен 11 брифинг өткізілген, департаменттің ресми сайты мен әлеуметтік желілерде 4299 жариялыным жарияланған. Салық, кеден заңнамаларында орын алған жаңашылдықтарды халыққа жедел жеткізу мақсатында, әлеуметтік желілер арқылы 18 тікелей эфирлер өткізілді. Сонымен қатар, 2020 жылы 1414 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы облыс тұрғындарының 9 068 сауалнамаларына қанағаттанарлық жауаптар берілген.

**2021 жылы** жалпы 15 432 іс-шара өткізілген. Оның ішінде 960 семинар-кеңес пен 223 дөңгелек үстелдер. Кәсіпкерлер палатасымен екі жақты іс шаралар жоспары негізінде Салық, Кеден кодекстері және басқа да Заң актілеріне енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың жариялылығын қамтамасыз ету, халыққа түсіндіру мақсатында жыл көлемінде 111 ашық есік күндері өткізілген. Облыстық және қалалық басылым беттерінде 792 мақала мен хабарламалар жарық көрген, 464 теле және радиоэфирлерде сөз сөйлеу, сұхбаттар ұйымдастырылды, 141 бейнероликтер дайындалды, LED-экран, баннерлерде салық, кеден заңнамаларына енгізілген жаңашылдықтар бойынша 433 ақпараттар жарияланды, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің қатысуымен 71 брифинг өткізілген, департаменттің интернет порталында, әлеуметтік желілерде 11634 жариялыным жарияланған. Салық, кеден заңнамаларында орын алған жаңашылдықтарды халыққа жедел жеткізу мақсатында, Facebook, Instagram әлеуметтік желілері арқылы 603 тікелей эфирлер ұйымдастырылып, өткізілді. 1414 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы салық төлеушілердің 38 462 сауалнамалары өңделіп, жауап берілген.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Түркістан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің «Аудит» басқармасы тарапынан 2019-2021 жылдар аралығында жалпы 174 салықтық тексерулер жүргізіліп, бюджетке 34 194 019,2 мың теңге қосымша салықтар есептелініп, 1 423 475,5 теңге өндірілген. Атап айтқанда:

2019 жылы 67 салықтық тексеру жүргізілген, оның ішінде кешенді 46, тақырыптық 21. Тексеру нәтижесімен 4 741 010 876,0 мың теңге қосымша салықтар есептелініп, 360 815 729,0 мың теңге өндірілген.

<i>мың теңге</i>			
Тексеру түрі	Тексеру саны	Қосымша есептелінген сомасы	Бюджетке өндірілген сома
Кешенді	46	2 706 076 662,0	226 409 297,0
Тақырыптық	21	2 034 934 214,0	134 406 432,0
<b>Барлығы</b>	<b>67</b>	<b>4 741 010 876,0</b>	<b>360 815 729,0</b>

2020 жылы барлығы 60 салықтық тексеру жүргізілген, оның ішінде: кешенді 45, тақырыптық 15. Тексеру нәтижесімен 5 511 576 405,0 мың теңге қосымша салықтар есептелініп, 528 862 399,0 мың теңге өндірілген. 2019 жылға салыстырғанда салықтық тексерулер саны 7 кеміген.

2020 жылды 2019 жылмен салыстырғанда 770 565, 5 мың теңгеге артық қосымша салықтар есептелінген. Пандемияға байланысты салықтық тексерулер саны кеміген.

<i>мың теңге</i>			
Тексеру түрі	Тексеру саны	Қосымша есептелінген сомасы	Бюджетке өндірілген сома
Кешенді	45	1 328 052 781,0	463 447 571,0
Тақырыптық	15	4 183 523 624,0	65 414 828,0
<b>Барлығы</b>	<b>60</b>	<b>5 511 576 405,0</b>	<b>528 862 399,0</b>

2021 жылы барлығы 47 салықтық тексеру жүргізілген, оның ішінде: кешенді 34, тақырыптық 13. Тексеру нәтижесімен 23 941 431 900,0 мың теңге қосымша салықтар есептелініп, 533 797 400,0 мың теңге өндірілген.

2020 жылға салыстырғанда салықтық тексерулер саны 13 кеміген. Ірі салық төлеушілер тексерулер жүргізілгендігіне байланысты тексерулер саны кемігенімен қосымша есептелген сома көбейген. Ірі салық төлеушілерге тексеру нәтижесімен қосымша есептелген сомалар 2021 жылдың соңында төлеу мерзімі келмеуіне байланысты 2022 жылы толығымен өндірілді.

2021 жылды 2020 жылмен салыстырғанда 18 429 855,9 мың теңгеге артық қосымша салықтар есептелінген.

<i>Мың теңге</i>			
Тексеру түрі	Тексеру саны	Қосымша есептелінген сомасы	Бюджетке өндірілген сома
Кешенді	34	2 695 934 800,0	440 407 800,0
Тақырыптық	13	21 245 497 100,0	93 716 600,0
<b>Барлығы</b>	<b>47</b>	<b>23 941 431 900,0</b>	<b>533 797 400,0</b>

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Түркістан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің «Өндірістік емес төлемдер» басқармасы тарапынан 2019 жылы уәкілетті органдардан сұрау салу арқылы алынған мәліметтер бойынша салық төлеушілердің салық есептіліктеріне камералдық бақылау жүргізілген.

2019 жылы жүргізілген камералдық бақылау жұмыстарының нәтижесінде жергілікті бюджетке 125 303 салық төлеушіден жалпы 3 008 407,0 мың теңгеге қосымша кіріс көздері анықталып, 104 748 салық төлеушілерден 2 010 598,0 мың теңге өндірілген.

**2020 жылы** уәкілетті органдардан сұрау салу арқылы алынған мәліметтер негізінде салық төлеушілердің салық есептіліктеріне камералдық бақылау жүргізілген. Яғни, камералдық бақылау жұмыстарының нәтижесінде жергілікті бюджетке 200 652 салық төлеушіден жалпы 6 128 895,8 мың теңгеге қосымша кіріс көздері анықталып, 184 201 салық төлеушілерден 4 210 551,0 мың теңге өндірілген.

**2021 жылы** уәкілетті органдардан сұрау салу арқылы алынған мәліметтер негізінде салық төлеушілердің салық есептіліктеріне камералдық бақылау жүргізілген. Яғни, камералдық бақылау жұмыстарының нәтижесінде жергілікті бюджетке 190 650 салық төлеушіден жалпы 5 048 517,0 мың теңге қосымша кіріс көздері анықталып, 178 339 салық төлеушілерден 4 521 307,0 мың теңге өндірілген.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Түркістан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің **«Камералды мониторинг» басқармасы тарапынан жергілікті бюджетке түсетін корпоративтік табыс салығы (одан әрі КТС) бойынша атқарылған жұмыстар.**

Корпоративтік табыс салығы Республикалық бюджеттен жергілікті бюджетке 2020 жылдан бастап бөлінген.

2020 жылы облыстық бюджетке корпоративтік табыс салығы заңды тұлғалар бойынша жоспар 4 840 902,0 мың теңге, ал нақты орындалғаны

5 318 253,0 мың теңге, яғни жоспар 477 351,0 мың теңгеге артық немесе 109,9 пайызға орындалған.

Аталған салық бойынша камералдық бақылау жұмыстарының нәтижесінде 121 хабарламадан 999 144,0 мың теңге қосымша есептеліп бюджетке 948 448,0 мың теңге өндіріліп, оның ішінде нақтылай 834 981,0 мың теңге, ал артық төлем есебінен 113 467,0 мың теңге

*мың.теңге*

Салық түрі	Қосымша есептелген сома	Өндірілген	Нақтылай соммамен
КТС (101111)	999 144,0	948 448,0	834 981,0

#### **2021 жыл жергілікті бюджетке түсетін корпоративтік табыс салығы бойынша атқарылған жұмыстары**

2021 жылы облыстық бюджетке корпоративтік табыс салығы бойынша жоспар **10 605 163,0 мың** теңге, нақты орындалғаны **10 937188,0 мың** теңге, яғни жоспар 332 025,0 мың теңге артық немесе **103,1 пайызға орындалған**,

2021 жылы корпоративтік табыс салығы заңды тұлғалар салық бойынша камералдық бақылау жұмыстарының нәтижесінде 201 хабарламадан 354 540,0 мың теңге қосымша есептеліп бюджетке 354 321,0 мың теңге өндірілген, оның ішінде нақтылай 349 174,0 мың теңге, ал артық төлем есебінен 2 147,0 мың теңге өндірілген.

*мың.теңге*

Салық түрі	Қосымша есептелген сома	Өндірілген	Нақтылай соммамен
КТС (101111)	354 540,0	354 321,0	349 174,0

Салықтық әкімшіліктендіру және бақылау жұмыстарына аудит жүргізу мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

*Арнайы көрсеткіш сәйкестік - жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің толықтығы мен уақтылылығына, бюджетке түсетін түсімдердің өндіріп алынуына, сондай-ақ жергілікті бюджеттен қате (артық) төленген сомаларды қайтарудың, есепке жатқызудың дұрыстығына сәйкестік аудитін жүргізу*

#### **4. Бюджетке түсетін түсімдердің өндіріп алуына талдау және бағалау.**

2019 жылдың 1 қаңтар айына салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша жергілікті бюджетке берешек көлемі 2 342 055,0 мың теңгені құраса, бұл көрсеткіш 2020 жылдың 1 қаңтарына 1 233 088,0 мың теңге болып, яғни жергілікті бюджетке берешек қаржы 1 108 967,0 мың теңгеге төмендеген.

2020 жылы 1 қаңтар айына жергілікті бюджетке берешек қаржы 1 233 088,0 мың теңгені құраса, 2021 жылы 1 қаңтар айына берешек қаржы 2 879 965,0 мың теңге болып, яғни жергілікті бюджетке берешек қаржы

1 646 877,0 теңгеге көбейген.

Берешектің өсуіне салық төлеушілермен қосымша салықтық есептілік нысандарын тапсырудан және тіркеуін басқа аймақтардан ауыстырып келген салық төлеушілердің берешектері себеп болған.

Түркістан облысы бойынша есепті кезеңге, яғни 2019 жылға 1 қаңтар айына салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша жергілікті бюджетке берешек көлемі 945 161,0 мың теңгені құраса, бұл көрсеткіш 2020 жылдың 1 қаңтарына 413 897,0 мың теңге болып, яғни жергілікті бюджетке берешек қаржы 531 264,0 мың теңгеге төмендеген.

Жалпы жыл басымен салыстырғанда жергілікті бюджетке берешек соманың өсу немесе азаю қарқыны төмендегі кестеде көрсетіледі.

(мың теңге)

№	Салық түрі	01.01.2019 ж. мерзімі өткен салық соммасы	01.01.2020 ж. мерзімі өткен салықсомасы	Есепті кезеңнің басынан ауытқуы (+/-)
1	101111 Ірі кәсіпкерлік субъектілерінен және мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда заңды тұлғалардан алынатын корпоративтік табыс салығы	0,0	0,0	0,0
2	101201 Төлем көзінен ұсталынатын жеке табыс салығы	42 388,0	82 161,0	39 774,0
3	101202 Кәсіпкерлердің жеке табыс салығы	89 583,0	62 660,0	-26 923,0
4	101205 Төлем көзінен салық салынбайтын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы	660,0	1 614,0	954,0
5	103101 Әлеуметтік салық	77 487,0	63 598,0	-13 889,0
6	104101 Заңды тұлғалардың мүлік салығы	27 422,0	55 430,0	28 009,0
7	104102 Жеке тұлғалардың мүлік салығы	22 833,0	22 366,0	-467,0
8	104302 Жеке тұлғалардың жер салығы	49 904,0	92 615,0	42 711,0
9	104309 Ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерге заңды тұлғалардың жеке кәсіпкер жеке нотариустар мен адвокаттардан алынатын жер салығы	0,0	0,0	0,0
10	104401 Заңды тұлғалардың көлік салығы	502,0	1 159,0	657,0
11	104402 Жеке тұлғалардың көлік салығы	594 493,0	586 058,0	-8 436,0
12	104501 Бірыңғай жер салығы	21 917,0	11 673,0	-10 244,0
13	105284 ҚР аумағында өндірілген бензин (авиациялықты қоспағанда) және дизель отыны	742,0	1 130,0	388,0
14	105303 Жер бетіне жақын көздердегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем	497,0	2 557,0	2 060,0
15	105304 Орманды пайдаланғаны үшін төлем	3,0	125,0	123,0

16	105315 Жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлем	2 980,0	6 024,0	3 045,0
17	105316 Қоршаған ортаға эмиссия үшін төленетін төлемақы	11 603,0	8 057,0	-3 546,0
18	105425 Сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін төлемақы	554,0	844,0	290,0
19	105430 Сыртқы жарнаманы үй жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте орналастырғаны үшін төлем ақы	0,0	60,0	60,0
20	105434 Қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу лицензияларын пайдалану үшін төлем	1 248,0	1 533,0	285,0
21	105502Тіркелген салық	138,0	169,0	31,0
22	107110 Жергілікті бюджетке түсетін өзге де салық түсімдері	209,0	121,0	-88,0

2020 жылы 1 қаңтар айына жергілікті бюджетке берешек қаржы 413 897 ,0 мың теңгені құраса, ал 2021 жылдың берешек қаржы 1 082 255,0 мың теңге болып, яғни жергілікті бюджетке берешек қаржы 668 358,0 мың теңгеге ұлғайған. Жалпы 2020 жылы жергілікті бюджетке берешек қаржының өсу немесе азаю динамикасы келесі салықтармен төлемдердің үлесінде.

(мың теңге)

№	Салық түрі	01.01.2020 ж. мерзім іоткен салық сомасы	01.01.2021ж.мерзімі өткен салық сомасы	Есепті кезеңнің басынан ауытқуы (+/-)
1	101111 Ірі кәсіпкерлік субъектілерінен және мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда заңды тұлғалардан алынатын корпоративтік табыс салығы	0,0	377 947,0	377 947,0
2	101201 Төлем көзінен ұсталынатын жеке табыс салығы	82 161,0	42 618,0	-39 543,0
3	101202 Кәсіпкерлердің жеке табыс салығы	62 660,0	30 727,0	-31 933,0
4	101205 Төлем көзінен салық салынбай -тын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы	1 614,0	859,0	-755,0
5	103101 Әлеуметтік салық	63 598,0	48 651,0	-14 946,0
6	104101 Заңды тұлғалардың мүлік салығы	55 430,0	25 658,0	-29 772,0
7	104102 Жеке тұлғалардың мүлік салығы	22 366,0	12 943,0	-9 423,0
8	104302 Жеке тұлғалардың жер салығы	92 615,0	60 873,0	-31 742,0
9	104307 Ауыл шаруашылығы мақсатында жерлерді заңды тұлғалар, жеке кәсіпкерлер, жеке нотариустар мен адвокаттардан алынатын жер салығы	0,0	0,0	0,0
10	104401 Заңды тұлғалардың көлік салығы	1 159,0	807,0	-352,0
11	104402 Жеке тұлғалардың көлік салығы	586 058,0	453 806,0	-132 252,0
12	104501 Бірыңғай жер салығы	11 673,0	11 877,0	204,0
13	105284 ҚР аумағында өндірілген бензин (авиациялықты қоспағанда) және дизель отыны	1 130,0	319,0	-811,0
14	105303 Жер бетіне жақын көздердегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем	2 557,0	1 922,0	-635,0

	105303			
15	105304 Орманды пайдаланғаны үшін төлем	125,0	120,0	-5,0
16	105315 Жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлем	6 024,0	4 836,0	-1 188,0
17	105316 Қоршаған ортаға эмиссия үшін төленетін төлемақы	8 057,0	3 959,0	-4 098,0
18	105425 Сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін төлемақы	844,0	720,0	-124,0
19	105430 Сыртқы (көрнекі) жарнаманы аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер аумақтары арқылы өтетін Республикалық, облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуіндегі жарнаманы тұрақты орналастыру объектілерінде және аудандық маңызы бар қаладағы, ауылдағы, кенттегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте орналастырғаны үшін төлемақы	60,0	236,0	176,0
20	105434 Қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу лицензияларын пайдалану үшін төлем	1 533,0	3 117,0	1 584,0
21	105502 Тіркелген салық 105502	169,0	133,0	-36,0
22	107110 Жергілікті бюджетке түсетін өзге де салық түсімдері	121,0	124,0	4,0

2020 жылы жеке тұлғаларды қоспағанда, кәсіпкерлік субъектілерден өндіріп алу шаралары арқылы 619 672,0 мың теңге өндірілген. Атап айтқанда хабарлама арқылы 331 740 мың теңге, банк шоттарына инкассалық өкім қою арқылы және дебиторлар шотынан 287 932,0 мың теңге өндірілген.

2021 жылы 1 қаңтар айына жергілікті бюджетке берешек соммасы 1 082 255,0 мың теңгені құраса, ал есепті кезең аяғында, яғни 2022 жылы 1 қаңтар айына берешек қаржы 2 879 961,0 мың теңге болып, ал жергілікті бюджетке берешек қаржы 1 797 706,0 теңгеге ұлғайған. Жалпы облыс бойынша 2021 жылы жергілікті бюджетке берешек соманың өсу немесе азаю динамикасы келесі салықтармен төлемдердің үлесінде.

(мың теңге)

Рет саны	Салық түрі	01.01.2021 ж. мерзімі өткен салық сомасы	01.01.2022 ж. мерзімі өткен салық сомасы	Есепті кезеңнің басынан ауытқуы (+/-)
1	101111 Ірі кәсіпкерлік субъектілерінен және мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда заңды тұлғалардан алынатын корпоративтік табыс салығы	377 947,0	1 179 673,0	801 726,0
2	101201 Төлем көзінен ұсталынатын жеке табыс салығы	42 618,0	507 392,0	464 774,0
3	101202 Кәсіпкерлердің жеке табыс салығы	30 727,0	92 684,0	61 957,0
4	101205 Төлем көзінен салық салынбайтын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы	859,0	7 244,0	6 386,0
5	103101 Әлеуметтік салық	48 651,0	399 849,0	351 198,0
6	104101 Заңды тұлғалардың мүлік салығы	25 658,0	82 219,0	56 560,0
7	104102 Жеке тұлғалардың мүлік салығы	12 943,0	40 854,0	27 911,0
8	104302 Жеке тұлғалардың жер салығы	60 873,0	21 378,0	-39 495,0
9	104307 Ауыл шаруашылығы мақсатында жерлерді заңды тұлғалар, жеке кәсіпкерлер, жеке нотариустар мен адвокаттардан	0,0	77,0	77,0



	алынатын жер салығы			
10	104401 Занды тұлғалардың көлік салығы	807,0	1 906,0	1 099,0
11	104402 Жеке тұлғалардың көлік салығы	453 806,0	403 805,0	-50 001,0
12	104501 Бірыңғай жер салығы	11 877,0	73 872,0	61 995,0
13	105284 ҚР аумағында өндірілген бензин (авиациялықты қоспағанда) және дизель отыны	319,0	1 228,0	910,0
14	105303 Жер бетіне жақын көздердегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем	1 922,0	15 443,0	13 520,0
15	Орманды пайдаланғаны үшін төлем 105304	120,0	32,0	-89,0
16	105315 Жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлем	4 836,0	16 666,0	11 829,0
17	105316 Қоршаған ортаға эмиссия үшін төленетін төлемақы	3 959,0	27 642,0	23 683,0
18	105425Сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін төлемақы	720,0	2 561,0	1 841,0
19	105430 Сыртқы (көрнекі) жарнаманы аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер аумақтары арқылы өтетін Республикалық, облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуіндегі жарнаманы тұрақты орналастыру объектілерінде және аудандық маңызы бар қаладағы, ауылдағы, кенттегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте орналастырғаны үшін төлемақы	236,0	953,0	717,0
20	105434 Қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу лицензияларын пайдалану үшін төлем	3 117,0	4 352,0	1 235,0
21	105502 Тіркелген салық	133,0	0,0	-133,0
22	107110 Жергілікті бюджетке түсетін өзге де салық түсімдері	124,0	131,0	7,0

2021 жылы жеке тұлғаларды қоспағанда, кәсіпкерлік субъектілерден өндіріп алу шаралары арқылы 3 845 953,0 мың теңге өндірілген. Оның ішінде хабарлама арқылы 3 453 532,0 мың теңге, банк шоттарына инкассалық өкім қою арқылы және дебиторлар шотынан 392 421,0 мың теңге өндірілген

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы №120-VI «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (одан әрі САЛЫҚ КОДЕКСІ)» Салық Кодексінің 31 бабының 1 тармағына сәйкес, салық төлеушінің Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес мемлекет алдында туындайтын міндеттемесі салық міндеттемесі деп танылады, осыған орай салық төлеуші салық органында тіркелу есебіне тұруға, салық салу объектілерін және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді айқындауға, салықты және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді, сондай-ақ олар бойынша аванстық және ағымдағы төлемдерді есептеуге және төлеуге, салықтық нысандарды жасауға, салық тіркелімдерін қоспағанда, салықтық нысандарды салық органына белгіленген мерзімде табыс етуге міндетті. Сонымен қатар, осы баптың 2 тармағына сәйкес, мемлекеттің салық қызметі органы арқылы салық төлеушіден (салық агентінен) оның салық міндеттемесін толық көлемінде орындауын талап етуге, ал салық міндеттемесі орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған жағдайда осы Кодексте көзделген тәртіппен оларды қамтамасыз ету жөніндегі тәсілдерді және мәжбүрлеп орындату шараларын қолдануға құқығы бар деп айқындалған.

Бюджетке түсетін түсімдердің өндіріп алуына талдау және бағалау мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

**5. Жергілікті бюджеттен қате (артық) төленген сомаларды қайтарудың, есепке жатқызудың дұрыстығына талдау және бағалау.**

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы №120-VI «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (одан әрі САЛЫҚ КОДЕКСІ)» Кодексінің 102–108 баптарына және Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2008 жылғы 29 желтоқсандағы «Дербес шоттарды жүргізу ережелерін бекіту туралы» №622 санды бұйрығына, Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2018 жылғы 27 ақпанындағы «Жеке шоттарын жүргізу қағидаларын бекіту туралы» №306 бұйрығына сәйкес, жалпы 2019, 2020 және 2021 жылдары облыс бойынша кірістер департаментіне және басқармаларына 77 960 салық төлеушілерден өтініш түскен. Оның ішінде, 13148 салық төлеушіден 1 758 574,8 мың теңгеге салықтар мен басқада төлемдерді қайтару үшін берілген өтініштер қанағаттандырылса, 62 391 салық төлеушіден 3 764 125,5 мың теңгеге есепке жатқызу үшін берілген өтініштер толық қанағаттандырылған. Ал «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» кодексінің 102 және 108 баптарының талаптарына сәйкес келмеуіне байланысты 1450 салық төлеушіден 1 003 538,4 мың теңгеге қайтару үшін келіп түскен өтініштер орындаусыз кері қайтарылған, 971 салық төлеушіден 635 799,4 мың теңгеге есепке жатқызу үшін келіп түскен өтініштер орындаусыз кері қайтарылған.

*мың теңге*

Салық кезеңдері	Департаментке және кірістер басқармаларына		оның ішінде							
			Салықтар мен басқада төлемдерді қайтару үшін берілген өтініштердің қанағаттандырылғаны		Есепке жатқызу үшін берілген өтініштердің қанағаттандырылғаны		Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» кодексінің 102 – 108 баптарының талаптарына сәйкес келмеуіне байланысты орындаусыз кері қайтарылған өтініштер саны барлығы			
	келіп түскен өтініштер саны барлығы	Жалпы сомасы (мың теңгеде)	Салық төлеушілер саны	Сомасы (мың теңгеде)	Салық төлеушілер саны	Сомасы (мың теңгеде)	Қайтару үшін келіп түскен өтініштердің орындаусыз кері қайтарылғандары бойынша	Сомасы (мың теңгеде)	Салық төлеушілер саны	Сомасы (мың теңгеде)
2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
2019, 2020 және 2021 жылдар	77 960	7 162 038,0	13 148	1 758 574,8	62 391	3 764 125,5	1 450	1 003 538,4	971	635 799,4

**2019 жылы** салық төлеушілерден Түркістан облыс бойынша кірістер департаментіне және басқармаларына барлығы 13608 өтініш түскен.

Оның ішінде 945 салық төлеушіден 695 602,0 мың теңгеге салықтар мен басқада төлемдерді қайтару үшін берілген өтініштер қанағаттандырылса, 12307 салық төлеушіден 772 727,4 мың теңгеге есепке жатқызу үшін берілген өтініштер қанағаттандырылған.

Сондай-ақ, Салық кодексінің 102 – 108 баптарының талаптарына сәйкес келмеуіне байланысты 115 салық төлеушіден 586 418,9 мың теңгеге қайтару үшін келіп түскен өтініштер орындаусыз кері қайтарылған, 241 салық

төлеушіден 168 139,8 мың теңгеге есепке жатқызу үшін келіп түскен өтініштер орындаусыз кері қайтарылған.

мың теңге

№	Департамент және кірістер басқармалары	Департаментке және кірістер басқармаларына		оның ішінде							
				Салықтар мен басқада төлемдерді қайтару үшін берілген өтініштердің қанағаттандырылғаны		Есепке жатқызу үшін берілген өтініштердің қанағаттандырылғаны		Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» кодексінің 102 – 108 баптарының талаптарына сәйкес келмеуіне байланысты орындаусыз кері қайтарылған өтініштер саны барлығы			
				Келіп түскен өтініштер саны барлығы	Жалпы сомасы (мың теңгеде)	Салық төлеушілер саны	Сомасы (мың теңгеде)	Салық төлеушілер саны	Сомасы (мың теңгеде)	Салық төлеушілер саны	Сомасы (мың теңгеде)
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
<b>2019 жылы</b>											
1	Түркістан облысы	78	3 917,0	60	3 598,8	0	0	18	318,2	0	0
2	Бәйдібек	85	41 729,5	25	2 725,4	46	38 291,6	3	96,6	11	615,9
3	Ордабасы	70	17 711,6	5	5 802,9	42	1 648,8	2	2 025,0	21	8 234,9
4	Отырар	86	63 011,2	13	2 795,5	62	34 078,2	0	0	11	26 137,5
5	Қазығұрт	339	59 726,0	80	29 424,0	241	25 308,3	3	3680,1	15	1313,6
6	Төлеби	108	57 154,7	12	40 442,0	68	15 035,6	2	68,9	26	1 608,3
7	Мақтарал	288	34 384,1	58	13694,2	199	15653,1	6	514,7	25	4522,1
8	Сайрам	10785	343 180,1	125	325 114,6	10626	13 908,6	9	2 051,8	25	2 105,2
9	Сарыағаш	357	292 012,8	111	14760,8	157	79755,5	16	181 952,3	73	15544,2
10	Созақ	653	707 930,7	72	109 253,1	567	244 093,1	7	301 357,2	7	53 227,3
11	Түлкібас	105	35 280,9	32	125,3	38	405,8	27	34 683,5	8	66,3
12	Шардара	28	18 314,6	9	16596,9	13	627,1	2	113,4	4	977,2
13	Арыс	131	10 879,3	72	9074,3	59	1805	0	0	0	0
14	Кентау	168	15 628,0	160	15308	7	317,4	0	0	1	2,6
15	Түркестан	151	349 786,7	29	26700,3	114	267988,2	7	2098,2	1	53000
16	Жетісай	103	19 411,5	51	16 005,7	31	2 791,7	10	540,6	11	73,5
17	Келес	73	152 829,4	31	64 180,10	37	31 019,60	3	56 918,40	2	711,30
<b>2019 жыл жиыны</b>		<b>13 608</b>	<b>2 222 888,1</b>	<b>945</b>	<b>695 602,0</b>	<b>12 307</b>	<b>772 727,4</b>	<b>115</b>	<b>586 418,9</b>	<b>241</b>	<b>168 139,8</b>

**2020 жылы** салық төлеушілерден Түркістан облысы бойынша кірістер департаментіне және басқармаларына барлығы 54 957 өтініш түскен.

Оның ішінде 10258 салық төлеушіден 537 650,3 мың теңгеге салықтар мен басқада төлемдерді қайтару үшін берілген өтініштер қанағаттандырылса, 43702 салық төлеушіден 2 180 517,4 мың теңгеге есепке жатқызу үшін берілген өтініштер қанағаттандырылған.

Сондай-ақ, Салық кодексінің 102 – 108 баптарының талаптарына сәйкес келмеуіне байланысты 654 салық төлеушіден 285 113,0 мың теңгеге қайтару үшін келіп түскен өтініштер орындаусыз кері қайтарылған, 343 салық төлеушіден 264 481,9 мың теңгеге есепке жатқызу үшін келіп түскен өтініштер орындаусыз кері қайтарылған.

мың теңге

№	Департамент және кірістер басқармалары	Департаментке және кірістер басқармаларына		оның ішінде							
				Салықтар мен басқада төлемдерді қайтару үшін берілген өтініштердің қанағаттандырылғаны		Есепке жатқызу үшін берілген өтініштердің қанағаттандырылғаны		Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» кодексінің 102 – 108 баптарының талаптарына сәйкес келмеуіне байланысты орындаусыз кері қайтарылған өтініштер саны барлығы			
				Келіп түскен өтініштер саны барлығы	Жалпы сомасы (мың теңгеде)	Салық төлеушілер саны	Сомасы (мың теңгеде)	Салық төлеушілер саны	Сомасы (мың теңгеде)	Салық төлеушілер саны	Сомасы (мың теңгеде)

		келіп түскен өтініштер саны барлығы	Жалпы сомасы (мың теңгеде)	Салық төлеушілер саны	Сомасы (мың теңгеде)	Салық төлеушілер саны	Сомасы (мың теңгеде)	Салық төлеушілер саны	Сомасы (мың теңгеде)	Салық төлеушілер саны	Сомасы (мың теңгеде)
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
<b>2020 жылы</b>											
1	Түркістан облысы	75	3 758,8	55	3 273,8	0	0	20	485,0	0	0
2	Бәйдібек	510	9 845,5	110	252,1	58	8 491,6	332	228,3	10	873,5
3	Ордабасы	1055	74 746,4	885	52 131,4	128	14 687,5	26	6 919,4	16	1 008,1
4	Отырар	421	49 199,9	335	7 959,8	81	41 120,7	0	0	5	119,4
5	Қазығұрт	418	52 875,9	225	21 185,70	162	15 822,10	21	7829,5	10	8038,6
6	Төлеби	807	77 539,3	643	10 674,4	102	65 707,2	42	815,8	20	341,9
7	Мақтарал	1509	23 919,3	56	3597,5	1432	11726,6	10	150,9	11	8444,3
8	Сайрам	43190	688 409,5	2637	59 600,7	40479	617 201,5	30	5 261,3	44	6 346,0
9	Сарыағаш	430	273 542,9	211	74656,6	88	67742,5	31	118 502,3	100	12641,5
10	Созақ	806	811 133,8	61	56 918,7	715	710 962,2	25	567,6	5	42 685,3
11	Түлкібас	129	106 954,9	59	955,8	55	102454,7	13	2 984,9	2	559,5
12	Шардара	25	11 898,6	6	10131,6	9	60,3	6	219,1	4	1487,6
13	Арыс	130	5 078,6	83	4311,9	47	766,7	0	0	0	
14	Кентау	853	12 001,0	841	7923	11	4068	1	10	0	0
15	Туркестан	1128	590 164,3	746	76073,9	260	321813,1	22	23298	100	168979,3
16	Жегісай	1863	326 706,3	1743	79 447,7	41	180 609,0	66	60 915,9	13	5 733,6
17	Келес	1608	149 987,7	1 562	68 555,70	34	17 283,70	9	56 925,0	3	7 223,30
<b>2020 жыл жиыны</b>		<b>54 957</b>	<b>3 267 762,6</b>	<b>10 258</b>	<b>537 650,3</b>	<b>43 702</b>	<b>2 180 517,4</b>	<b>654</b>	<b>285 113,0</b>	<b>343</b>	<b>264 481,9</b>

**2021 жылы** салық төлеушілерден Түркістан облыс бойынша кірістер департаментіне және басқармаларына барлығы 9395 өтініш түскен.

Оның ішінде 1945 салық төлеушіден 525 322,3 мың теңгеге салықтар мен басқада төлемдерді қайтару үшін берілген өтініштер қанағаттандырылса, 6382 салық төлеушіден 810 880,6 мың теңгеге есепке жатқызу үшін берілген өтініштер қанағаттандырылған.

Сондай-ақ, Салық кодексінің 102 – 108 баптарының талаптарына сәйкес келмеуіне байланысты 681 салық төлеушіден 132 006,5 мың теңгеге қайтару үшін келіп түскен өтініштер орындаусыз кері қайтарылған, 387 салық төлеушіден 203 177,6 мың теңгеге есепке жатқызу үшін келіп түскен өтініштер орындаусыз кері қайтарылған.

*мың теңге*

№	Департамент және кірістер басқармалары	оның ішінде											
		Департаментке және кірістер басқармаларына		Салықтар мен басқада төлемдерді қайтару үшін берілген өтініштердің қанағаттандырылғаны		Есепке жатқызу үшін берілген өтініштердің қанағаттандырылғаны		Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» кодексінің 102 – 108 баптарының талаптарына сәйкес келмеуіне байланысты орындаусыз кері қайтарылған өтініштер саны барлығы		Қайтару үшін келіп түскен өтініштердің орындаусыз кері қайтарылғандары бойынша		Есепке жатқызу үшін келіп түскен өтініштердің орындаусыз кері қайтарылғандары бойынша	
		Келіп түскен өтініштер саны барлығы	Жалпы сомасы (мың теңгеде)	Салық төлеушілер саны	Сомасы (мың теңгеде)	Салық төлеушілер саны	Сомасы (мың теңгеде)	Салық төлеушілер саны	Сомасы (мың теңгеде)	Салық төлеушілер саны	Сомасы (мың теңгеде)	Салық төлеушілер саны	Сомасы (мың теңгеде)
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12		
<b>2021 жылы</b>													
1	Түркістан облысы	211	11 346,2	192	10 833,1	0	0,0	19	513,1	0	0,0		
2	Бәйдібек	85	4 100,4	5	42,7	50	3 423,6	24	472,2	6	161,9		
3	Ордабасы	300	79 450,4	89	17 070,6	147	13 639,1	42	7 125,0	22	41 615,7		
4	Отырар	92	185 311,6	25	15 564,9	58	164 332,5	3	17,3	6	5 396,9		
5	Қазығұрт	362	54 085,4	192	31 376,3	115	15 969,7	26	3 944,5	29	2 794,9		
6	Төлеби	289	78 144,2	70	7 190,0	132	66 957,0	61	3 059,4	26	937,7		
7	Мақтарал	1005	13 561,5	45	1 669,2	861	7 734,7	88	4 017,3	11	140,3		
8	Сайрам	3912	105 512,9	314	40 694,0	3490	57 214,2	58	4 956,7	50	2 647,9		

9	Сарыағаш	430	138 670,8	149	57 907,5	126	14 190,2	105	54 020,9	50	12 552,2
10	Созақ	947	349 659,5	76	1 683,4	806	233 871,7	47	3 739,5	18	110 364,9
11	Түлкібас	249	12 689,1	144	983,4	89	10 458,1	14	1 224,5	2	23,1
12	Шардара	65	10 072,5	29	1 459,8	21	5 070,4	9	3 352,1	6	190,2
13	Арыс	97	23 608,3	58	16 991,5	39	6 616,8	0	0,0	0	
14	Кентау	199	143 047,0	156	130 785,0	31	10 130,3	12	2 131,7	0	0,0
15	Туркестан	713	421 889,8	256	179 026,6	314	194 778,0	37	35 709,8	106	12 375,4
16	Жетісай	284	22 877,7	96	3 892,9	68	2 452,1	95	5 821,4	25	10 711,4
17	Келес	148	13 648,6	46	4 485,4	35	4 042,2	38	1 857,5	29	3 263,5
18	Сауран	7	3 711,4	3	3 666,2	0	0,0	3	43,7	1	1,5
<b>2021 жыл жиыны</b>		<b>9 395</b>	<b>1 671 387,3</b>	<b>1 945</b>	<b>525 322,6</b>	<b>6 382</b>	<b>810 880,6</b>	<b>681</b>	<b>132 006,5</b>	<b>387</b>	<b>203 177,6</b>

Бұл мәселе бойынша департамент және басқармалардың 2019-2021 жылдарға тапсырған есептіліктері мен атқарған жұмыстары бойынша мәліметтерге талдау жүргізіліп және ИНИС, ЦУЛС, СОНО бағдарламалары қолданылды.

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» кодексінің 102 және 108 баптарының талаптарына сәйкес келмеуіне байланысты 2019, 2020 және 2021 жылдарда барлығы 1450 салық төлеушіден 1 003 538,4 мың теңгеге қайтару үшін келіп түскен өтініштер орындаусыз кері қайтарылуы және 971 салық төлеушіден 635 799,4 мың теңгеге есепке жатқызу үшін, салық төлеушілерден келіп түскен өтініштер орындаусыз кері қайтарылу себептерінің бірі салық төлеушілер тарапынан қайтару және есепке жатқызу сомаларына 1 өтініштің бірнеше мәрте қайталап жіберу нәтижесінен өтініш санымен сомаларының көбейіп отырғандығына әсерін тигізуде.

### **III. Қорытынды бөлік**

#### **3.1 Мемлекеттік аудит жүргізу барысында қабылданған шаралар:**

«Салықтық әкімшілендірудің тиімділігіне мемлекеттік аудит және жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің толықтығы мен уақтылылығына, бюджетке түсетін түсімдердің өндіріп алынуына, сондай-ақ жергілікті бюджеттен қате (артық) төленген сомаларды қайтарудың, есепке жатқызудың дұрыстығына сәйкестік аудитін жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша қорытынды әзірлеу барысында **2** жауапты тұлғаларға тәртіптік шара қолданылды.

Сондай-ақ, аудиторлық іс-шара барысында барлығы **5349,0** мың теңге есептеліп бюджетке түсетін қаражат толық есепке жатқызылды.

Атап айтқанда:

**1. «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Түркістан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Мақтаарал ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы» мемлекеттік мекемесі.** Мемлекеттік аудит барысында бірқатар қаржылық бұзушылықтар анықталған, атап айтқанда:

1) Аудиторлық іс-шара барысында салық төлеушілердің Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік кірістер комитетінің «Орталықтандырылған сәйкестендірілген дербес шоттар» ақпараттық жүйесіндегі салық төлеушілердің жеке шоттарына ішінара талдау жүргізіліп, нәтижесінде төмендегі салық төлеушілер 200.00 нысаны бойынша декларациямен бюджеттік сыныптама коды 101201 төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығын (одан әрі жеке табыс

салығы) және бюджеттік сыныптама коды 103101 әлеуметтік салығын (одан әрі әлеуметтік салық) есептемей нөлдік көрсеткіштермен тапсырған.

Бұл ретте, салық төлеушілер Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы N120-IV ҚРЗ «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексінің)» 351-бабы 1-тармағының “Төлем көзінен салық салуға жататын кірістер бойынша жеке табыс салығын есептеуді салық агенті салық салуға жататын кірісті есепке жазу кезінде жүргізеді” - делінген талабын және Салық кодексінің 486-бабына сай әлеуметтік салықты есептеу тәртібін сақтамаған.

Мақтарал ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы тарапынан Салық кодексінің 18-бабының 1-тармағының 1)-тармақшасы (*Қазақстан Республикасы салық заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету*) 2) тармақшасы «Салықтардың және бюджетке төленетін төлемдердің түсу толықтығы мен уақтылылығын қамтамасыз ету» деген талаптарын сақтамаған.

«Жеке табыс салығы және әлеуметтік салық бойынша декларацияларын» (200.00 Нысан) тапсырып, барлығы 364,0 мың теңге оның ішінде жеке табыс салығына 79,7 мың теңге, әлеуметтік салыққа 284,3 мың теңге есептеліп бюджетке түсетін қаражат толық есепке жатқызылды.

Аудиторлық қорытындыны әзірлеу барысында мекеменің 10.08.2022 жылғы №МКБ-М-05-21/2118 хатымен (кіріс №973) бұзушылыққа жол берген бас маман Ж.Даткаевқа 09.08.2022 жылғы №33-ө бұйрығымен «сөгіс» түріндегі тәртіптік жазаға тартылғандығы хабарланған.

**2. «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Түркістан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Отырар ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы» РММ.** Мемлекеттік аудит барысында бірқатар қаржылық бұзушылықтар анықталған, атап айтқанда:

Аудиторлық іс-шара барысында салық төлеушілердің Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік кірістер комитетінің «Орталықтандырылған сәйкестендірілген дербес шоттар» ақпараттық жүйесіндегі салық төлеушілердің жеке шоттарына ішінара талдау жүргізіліп, нәтижесінде төмендегі салық төлеушілер 200.00 нысаны бойынша декларациямен бюджеттік сыныптама коды 101201 төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығын (одан әрі жеке табыс салығы) және бюджеттік сыныптама коды 103101 әлеуметтік салығын (одан әрі әлеуметтік салық) есептемей нөлдік көрсеткіштермен тапсырған. Бұл ретте, салық төлеушілер Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы N120-IV ҚРЗ «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексінің)» 351-бабы 1-тармағының “Төлем көзінен салық салуға жататын кірістер бойынша жеке табыс салығын есептеуді салық агенті салық салуға жататын кірісті есепке жазу кезінде жүргізеді” -делінген талабын және Салық кодексінің 486-бабына сай әлеуметтік салықты есептеу тәртібін сақтамаған.

Отырар ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы тарапынан Салық кодексінің 18-бабының 1-тармағының 1)-тармақшасы (Қазақстан

Республикасы салық заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету) 2) тармақшасы «Салықтардың және бюджетке төленетін төлемдердің түсу толықтығы мен уақтылылығын қамтамасыз ету» деген талаптарын сақтамаған. Мекеме тарапынан аталған салық төлеушілермен тиісті жұмыстар жүргізіліп, салық төлеушілер қосымша «Жеке табыс салығы және әлеуметтік салық бойынша декларацияларын» (200.00 Нысан) тапсырып, барлығы 4985,0 мың теңге оның ішінде жеке табыс салығына 2 138,7 мың теңге, әлеуметтік салыққа 2 846,3 мың теңге есептеліп бюджетке түсетін қаражат толық есепке жатқызылды.

Аудиторлық қорытындыны әзірлеу барысында мекеменің 21.07.2022 жылғы №МКБ-О-03-14/991 хатымен (кіріс №844) бұзушылыққа жол берген бас маман Қ.Әшірханға 14.07.2022 жылғы №13-ж бұйрығымен «сөгіс» түріндегі тәртіптік жазаға тартылғандығы хабарланған.

### **3.2 Мемлекеттік аудиттің қорытындысы бойынша тұжырымдар:**

Түркістан облысы бойынша салықтық әкімшілендірудің тиімділігіне мемлекеттік аудит және жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің толықтығы мен уақтылылығына талдау және бағалау бойынша сыртқы мемлекеттік аудитпен 01.01.2019 - 31.12.2021 жылдар аралығы қамтылды.

Жалпы аудитпен қамтылған 3 объектінің ішінде 2 объектіде 3 бірлік қаржылық бұзушылықтар анықталған.

Бюджетке түсетін түсімдер бойынша анықталған қаржылық бұзушылықтардың жалпы сомасы барлығы 5349,0 мың теңгені құрады.

Өтелуге жататын қаржы көлемі 5349,0 мың теңге.

Жалпы аудиторлық іс-шара барысында барлығы 5349,0 мың теңге өтелген.

Аудит барысында келесі бұзушылықтар анықталған:

I. Бюджетке түсетін түсімдер бойынша анықталған қаржылық бұзушылықтардың жалпы сомасы барлығы **5349,0** мың теңгені құраған, атап айтқанда:

- «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Түркістан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Мақтаарал ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы» мемлекеттік мекемесі бойынша **364,0** мың теңге;

- «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Түркістан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Отырар ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы» мемлекеттік мекемесі бойынша **4985,0** мың теңге;

Бұзушылықтардың орын алуының негізгі себептерінің бірі салықтық әкімшілендірудің жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің толықтығы мен уақтылылығына бақылау жасау тәртібі талаптарының сақталмауы болып табылады.

Яғни, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Түркістан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің бюджетке түсетін түсімдердің толықтығы мен уақтылылығын қамтамасыз етуге жауапты бөлімшесінің жұмысын сапалы жоспарлаумен атқарылуына назар аудару қажет.

Бюджетке түсетін түсімдердің толықтығы мен уақтылылығын қамтамасыз етуге аса көңіл бөлініп, өз мерзімінде жүйелі іс-шараларды жүргізу қажет.

Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары қатаң сақталуы тиіс.

Жалпы аудиторлық іс-шара бойынша жоғарыда аталған бұзушылықтарды ескере келе, мемлекеттік аудит объектілері бойынша бюджетке түсетін түсімдердің толықтығы мен уақтылылығын қамтамасыз ету жеткіліксіз деңгейде екендігі жөнінде тұжырым жасауға болады.

### **3.3 Мемлекеттік аудиттің нәтижесі бойынша ұсынымдар:**

1. «Салықтық әкімшілендірудің тиімділігіне мемлекеттік аудит және жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің толықтығы мен уақтылылығына, бюджетке түсетін түсімдердің өндіріп алынуына, сондай-ақ жергілікті бюджеттен қате (артық) төленген сомаларды қайтарудың, есепке жатқызудың дұрыстығына сәйкестік аудитін жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша аудиторлық қорытындыны бекітуге ұсынамын.

2. Жалпы аудиторлық іс-шара бойынша жоғарыда аталған бұзушылықтарды ескере келе, мемлекеттік аудит объектілері бойынша бюджетке түсетін түсімдердің толықтығы мен уақтылылығын қамтамасыз ету жеткіліксіз деңгейде екендігі танылсын.

3. Аудиторлық іс-шара барысында бюджетке түсетін түсімдер бойынша анықталған қаржылық бұзушылықтардың жалпы сомасы барлығы **5349,0** мың теңге бюджетке түсетін қаражат толық есепке жатқызылғаны.

Сондай-ақ, аудиторлық қорытындыны әзірлеу барысында **2** жауапты тұлғаға тәртіптік шара қолданылғаны назарға алынсын.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Түркістан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті басшысына:

1) Анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктер бойынша:

- бюджетке түсетін түсімдердің толықтығы мен уақтылылығын қамтамасыз етуге жауапты бөлімшесінің жұмысын сапалы жоспарлаумен атқарылуына назар аудару;

- бюджетке түсетін түсімдердің толықтығы мен уақтылылығын қамтамасыз етуге аса көңіл бөлініп, өз мерзімінде жүйелі іс-шараларды жүргізу;

- бұзушылықтардың алдын алу мақсатында салықтық әкімшілендірудің жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің толықтығы мен уақтылылығына бақылау жасау тәртібі талаптарын сақтау ұсынылсын.

Жоғарыда көрсетілген тапсырмалар бойынша қабылданған шаралар туралы ақпарат растайтын құжаттармен қоса Тексеру комиссиясына белгіленген мерзімде ұсынылсын.

5. Аудит қорытындысы бойынша ақпарат Түркістан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментіне жолдансын.

### **3.4 Қосымша:**



Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі.